2. Көміртекті нанотүтікшелердің суспензиясын дайындау:

Катодтық материалдардың өткізгіштігін жақсарту үшін BANDELIN ультрадыбыстық диспергаторын қолдана отырып, НМП-да көміртекті нанотүтікшелерінің бөлек суспензиясы дайындалды. Өңдеу импульстік режимде жүргізілді: 5 мин жұмыс – 5 мин демалыс, белсенді ультрадыбыстық әсердің жалпы уақыты 15 мин. Ультрадыбыстық дисперсия нанотүтікшелердің агломераттарын бұзып, электрод ішінде үш өлшемді өткізгіш желіні құрайды.

3. Байланыстырғышты өткізгіш қоспалармен біріктіру:

Алынған байланыстырғыш ерітіндісін көміртекті нанотүтікшілердің суспензиясымен араластырылды. Одан кейін, қосымша өткізгіш компонент ретінде С45 көміртекті күйе қосылды. Бұл оң электродтағы тиімді электрондар тасымалдауын қамтамасыз етеді.

4. Белсенді материалды қосу:

Ақырындап тұрақты араластыру кезінде белсенді катодтық материал енгізілді (NMC111, V₂O₅ CF_x, V₂O₅/CF_x). Катодтық паста Heidolph RZR-1 механикалық араластырғышта 800-1000 айн/мин жылдамдықпен кем дегенде 40 минут бойы дайындалды.

5. Пастаны гомогенизациялау:

Пастаны араластырудан кейін түзілген агломераттарды ыдырату және біртекті консистенцияны алу үшін ІКА T25 Digital Ultra-Turrax диспергаторымен (30 секундтан 5 цикл) электродтық паста қосымша өңделді.

6. Вакуумды араластыру:

Паста GN-SFM-7 вакуумдық араластырғышқа 10 минутқа газсыздандыру мақсатымен орналастырылды. Бұл жабындының бос жерлерін болдырмайтын ауа көпіршіктерін кетіреді.

Дайындалған электродтық пасталардың сандық құрамы 5 кестеде көрсетілген.

Кесте 5 – Электродтық пасталардың құрамы

№	Электродтардың маркировкасы	Электродтық пасталардың құрамы		
		Белсенді материал, %	Өткізгіш қоспа, %	Полимер байланыстырғыш, %
1	CC001	NMC ₁₁₁ 91%	КНТ 1%, C45 3%	Solef 5130 5%
2	CC002	V ₂ O ₅ 91%	КНТ 1%, C45 3%	Solef 5130 5%
3	CC003	V ₂ O ₅ /CF _x 91%	КНТ 1%, C45 3%	Solef 5130 5%
4	CC004	CF _x 91%	КНТ 1%, C45 3%	Solef 5130 5%

2.3.2 Электродтық жабындыны алу үрдісі

Жабынды қабатты қалыптастыру

Біртекті паста алынғаннан кейін катодтық материал тоқөткізгіш негізге жағылды. Тоқөткізгіш негіз ретінде қалыңдығы шамамен 1 мкм көміртекті жабыны бар қалыңдығы 20 мкм алюминий фольгасы қолданылды (Gelon, Қытай). Тоқөткізгіш негізге пастаны жағу үдерісі doctor-blade (ракельді) әдісімен ракельді жабын станогында жүзеге асырылады. Бұл әдіс ылғал қабаттың белгіленген қалыңдығымен біркелкі жабуға мүмкіндік берді.

- Ылғал қабаттың бастапқы қалыңдығы: 100-150 мкм.
- Қозғалыс жылдамдығы: 10-20 мм/с.
- Қоршаған орта температурасы: 20-25 °С.

Алынған жабынды қалыңдығының біркелкілігі заряд-разряд кезінде ұяшықтағы тоқтардың біркелкі таралуына және сәйкесінше аккумуляторларды тұрақты жұмысына тікелей әсер етеді. Ракельді жағу әдісі жабынды қалыңдығының қайталануын қамтамасыз етіп, белсенді материал массасының ауытқуларын азайтады.

Электродтарды кептіру

Дайын болған электродтық жабындылардан еріткіш молекулаларын кетіру және катодтық материалдың құрылымын бекіту мақсатында олар 60 °С температурада кем дегенде 12 сағат кептірілді. Сонымен қатар, кептіру келесі бағдарлама бойынша Binder VD-23 вакуумды кептіру шкафында жүргізілді:


- Температура: 120 °С.
- Қысым: < 10 мбар.
- Уақыты: < 12 сағат.

Вакуумды қолдану белсенді компоненттердің тотығуына жол бермейді және жабынды құрамындағы НМП еріткішті толығымен алып тастауға мүмкіндік береді. Еріткіштің қалдық іздері анодтағы SEI қабатының тұрақсыздығына және

электрохимиялық ұяшықтардың беріктігінің нашарлауына әкелуі мүмкін. NMC_{111} және V_2O_5 белсенді материалдардың негізінде дайындалған электрод материалдары 4 суретте көрсетілген. Барлық алынған электродтардың массасы және катодтық жүктемелері ($\text{мг}/\text{см}^2$) қосымшада келтірілген.



а) NMC_{111}



б) V_2O_5

Сурет 4 – Белсенді материалдардың негізінде алынған катодтық жабындылар

Электродтарды каландрлеу

Кептірілген оң электродтар MSK-HRP-01 қондырғысы арқылы ыстық тығыздаудан өтеді.

- Орамдардың температурасы: $80\text{ }^\circ\text{C}$.
- Илектеу жылдамдығы: $20\text{-}30\text{ мм}/\text{с}$.
- Қалыңдығы бойынша мақсат: электродтың қалыңдығын тоқөткізгіш негізсіз $15\text{-}20\%$ - ға азайту.

Каландрлеу біркелкі тығыздауға қол жеткізу үшін роликтер арқылы екі жақтан өту арқылы жүзеге асырылды. Электрод қабатының механикалық тығыздануы жабындының кеуектілігін төмендетеді, белсенді материал бөлшектері мен өткізгіш қоспалар арасындағы байланысты арттырады, осылайша элементтің ішкі кедергісін азайтады және оның энергия тығыздығын арттырады. Сонымен қатар, каландрлеу ұзақ циклдік электродтардың механикалық тұрақтылығына әсер етеді.

2.4 CR2032 форматындағы дискілік қуат элементтерінің үлгілерін жинау

Электрохимиялық зерттеулерді жүргізу үшін 5 суретте көрсетілген CR2032 форматындағы дискілі қуат элементтері жиналды. Ұяшықтарды жинау ылғал мен оттегінің сезімтал компоненттерге әсерін болдырмау үшін қатаң шарттарға сәйкес жүргізілді.



Сурет 5 – Дайын 2032 форматындағы дискілік қуат элементтерінің үлгілері

Компоненттерді дайындау

- Катодтар: диаметрі 15,5 - 16 мм МТИ MSK-T-07 пресс құрылғысы көмегімен электродтық жабындыдан кесіледі.
- Анодтар: қалыңдығы 250 мкм және диаметрі 15,5 мм литий металдық дискілері қолданылды, ал анодсыз конфигурацияларда анод ретінде мыс фольгасы қолданылды.
- Сепаратор: диаметрі 19 мм Celgard 2500 микрокеукті полипропилен сепараторы.

Дайын болған катодтар мен сепараторлар ылғалды кетіру үшін кем дегенде 12 сағат бойы 60 °С вакуумдық шкафта алдын ала кептірілді, өйткені ылғал литий аноды мен электролит арасында жағымсыз реакцияларды тудырады, бұл тұрақсыз SEI қабаттарының пайда болуына және ұяшық өнімділігінің нашарлауына әкеледі.

Ұяшықтарды жинау үрдісі

Ұяшықтарды жинау аргон атмосферасында Spex GB02M қолғаптық боксында (6 сурет) жүргізілді:

- Ылғал мөлшері: < 0,1 ppm.
- Оттегінің мөлшері: < 1,0 ppm.



Сурет 6 – Жоғары таза инертті газды атмосфераға толы GB02M қос қолғаптық бокс жүйесі

Электрохимиялық ұяшықтарды жинау кезеңдері мен реттілігі 7 суретте көрсетілген:

1. Электрохимиялық ұяшық корпусына литий анодын орналастыру;
2. Celgard 2500 сепараторын анодқа орнату;
3. Сепараторға есептелген электролит көлемін (15-25 мкл) құю;
4. Катодты белсенді қабат жағымен орнату;
5. Серіппелі контакт пен тығыздағышты орнату;
6. Ұяшықты қақпақпен жауып, MTI MSK-110 гидравликалық пресс арқылы тығыздау.

Электродтар мен электролиттер арасындағы тұрақты интерфейсін қалыптастыру және электролиттің сепаратордың бүкіл ауданында біркелкі таралуын қамтамасыз ету үшін элементтердің дұрыс тәртіппен жиналуы мен

ластанудың болмауы қатаң түрде қадағалануы қажет. Жиналған 2032 форматындағы элементтерінің үлгілері 5 суретте көрсетілген.

Қалыптастыру үрдісі мен бастапқы тестілеу

Жиналған элементтер қалыптастыру үрдісінен (формирование) өтеді:

- Төмен тоқ күшімен жүретін заряд-разряд циклдері (C/20–C/10).
- Электрохимиялық импеданс спектроскопиясы (ЭИС) арқылы ішкі кедергіні өлшеу.
- Бастапқы разряд сыйымдылығы мен кернеуді өлшеу.

Кейінгі тестілеу кезеңдері:

- Өртүрлі тоқ режимдерінде (C/10-нан 5C-ке дейін) гальваностатикалық циклдеу BIO-LOGIC SP-200 потенциостат/гальваностат қондырғысын (8-сурет) және тоқ көзін талдайтын MTI BST8-MA сегіз каналды қондырғыны (9 сурет) пайдалану арқылы жүргізілді.

Электрохимиялық импеданстық спектрлер EC-Lab бағдарламасының көмегімен тіркелді. Алынған $Re(Z)$ және $-Im(Z)$ деректері Origin бағдарламасында өңделіп, Найквист диаграммалары тұрғызылды.

Электрод-электролит шекарасында жүретін үрдістердің күрделі, көпсатылы сипатын ескере отырып, жүйе эквиваленттік электрлік модель тұрғысынан қарастырылды. Импеданстық жауапты сапалы сипаттау үшін келесі құрылым қабылданды:

$$R_s - (R_{SEI} / CPE_{SEI}) - (R_{ct} / CPE_{dl}) - W$$

мұндағы R_s – электролиттің омдық кедергісі;

R_{SEI} – қатты фазааралық қабаттың кедергісі;

R_{ct} – заряд тасымалдау кедергісі;

CPE – идеал емес сыйымдылықтық мінез-құлықты сипаттайтын тұрақты фазалық элемент;


W – литий иондарының диффузиялық үрдістерін сипаттайтын Warburg импедансы.

R_{SEI} және R_{ct} мәндері тәжірибелік Найквист диаграммаларындағы жартылай шеңберлердің диаметрлері негізінде анықталды. Жоғары жиілікті аймақта байқалатын бірінші жартылай шеңбер SEI қабатының кедергісіне жатқызылды, ал орта жиілікті аймақтағы жартылай шеңбер заряд тасымалдау процесімен байланыстырылды. Нақты ось бойындағы проекция айырмасы сәйкес кедергі шамасы ретінде қабылданды.

Мұндай тәсіл интерфейстік процестерді толық математикалық декомпозициялауды мақсат етпей, электролит құрамдарының фазааралық және кинетикалық сипаттамаларына салыстырмалы баға беруге мүмкіндік береді.

Алынған нәтижелердің қайталанғыштығын қамтамасыз ету мақсатында өлшеулер бірнеше бірдей ұяшықтарда жүргізілді. Әрбір электролиттік құрам үшін кемінде үш тәуелсіз ұяшық жиналып, бірдей эксперименттік хаттама бойынша зерттелді. Импеданс спектрлері қалыптастыруға дейін және қалыптастырудан кейін өлшенді. Алынған нәтижелердің сәйкестігі мен

үрдістердің сақталуы эксперименттердің қанағаттанарлық қайталанғыштығын көрсетеді.



Сурет 7 – CR2032 форматындағы дискілік қуат элементінің және оның құрамдас бөліктерінің сызбалық бейнесі



Сурет 8 – Электрохимиялық потенциостат/гальваностат BIO-LOGIC SP-200



Сурет 9 – Тоқ көзін талдайтын МТІ BST8-MA сегіз каналды қондырғы

2.5 Электродиттік жүйелерді әзірлеу

Электродит құрамының литий анодының тұрақтылығына және химиялық тоқ көздерінің сипаттамаларына әсерін зерттеу үшін әртүрлі электродиттік жүйелер жасалып, сыналды. Негізгі мақсат – жоғары иондық өткізгіштігі, кең электродиттік тұрақтылық терезесі және литий электродында тұрақты SEI қабатын қалыптастыру мүмкіндігі бар электродиттерді алу болды.

Зерттелген электродиттердің құрамы

Электродиттер литий тұздары мен органикалық еріткіштердің әртүрлі комбинациялары негізінде дайындалды. Сонымен қатар, электродит құрамына SEI қасиеттерін реттеу және анодтың тұрақтылығын жақсарту үшін арнайы функционалды қоспалар қосылды.

Қолданылған литий тұздары:

- LiDFOB – литий дифторооксалатобораты – $\text{LiBF}_2(\text{C}_2\text{O}_4)$ (Sigma-Aldrich, Германия): жоғары термиялық тұрақтылыққа ие және жұқа, да тұрақты SEI қабатының түзілуіне ықпал етеді.
- LiPF_6 – литий гексафторофосфаты (Сигма-Алдрих, Германия): дәстүрлі литий-ионды аккумуляторларда қолданылады, жақсы ерігіштігімен сипатталады, бірақ гидролизге бейім тұз.
- LiBF_4 – литий тетрафторбораты (Sigma-Aldrich, Германия): төмен температура жағдайында жоғары химиялық тұрақтылығымен сипатталады.
- LiTFSI – литийдің бис(трифторметансульфонил)имиді – $\text{LiC}_2\text{F}_6\text{NO}_4\text{S}_2$ (Сигма-Алдрих, Германия): жоғары иондық өткізгіштігімен және кең электродиттік тұрақтылық терезесімен сипатталады.
- LiClO_4 – литий перхлораты (Sigma-Aldrich, Германия) жоғары иондық өткізгіштікке және кең электродиттік тұрақтылық терезесіне ие болатын тұз.

Еріткіштер:

- Пропилен карбонаты – $\text{C}_4\text{H}_6\text{O}_3$ (Sigma-Aldrich, Германия): жоғары диэлектрлік өткізгіштікпен сипатталады, бірақ литиймен әрекеттесуге бейім.
- Диметоксиэтан – $\text{C}_4\text{H}_{10}\text{O}_2$ (Сигма-Алдрих, Германия): төмен тұтқырлық, литий металымен жоғары үйлесімділік.
- Фторэтилен карбонаты – $\text{C}_3\text{H}_3\text{FO}_3$ (Сигма-Алдрих, Германия): литий анодындағы түзілетін SEI қабатының тұрақтылығын арттырады.
- Этил ацетаты – $\text{C}_4\text{H}_8\text{O}_2$ (Сигма-Алдрих, Германия): төмен тұтқырлық, төмен температурада ион өткізгіштігін жақсартады.

Қоспалар:

- LiNO_3 литий нитраты (Сигма-Алдрих, Германия): литий дендритінің өсуін тежейді.
- Фторэтилен карбонаты – $\text{C}_3\text{H}_3\text{FO}_3$ (Sigma-Aldrich, Германия): тұрақты литий пассивті қабатының пайда болуына ықпал етеді.

- Винилен карбонаты – $C_3H_2O_3$ (Sigma-Aldrich, Германия): SEI қабатын тұрақтандырады және батареяның қызмет ету мерзімін арттырады.
 - 1,3-диоксолан – $C_3H_6O_2$ (Сигма-Алдрих, Германия): SEI қабатының серпімділігін арттыру үшін қосылады.
 - *Электролиттерді алу әдістемесі:*
 - Барлық компоненттер (тұздар, еріткіштер және функционалды қоспалар) ылғалды кетіру мақсатында 80 °С температурада вакуумда алдын ала кептірілді.
 - Электролит ерітінділері қолғап боксындағы аргон атмосферасында дайындалды.
 - Электролиттер 0,2 мкм кеуекті мембраналық сүзгілер арқылы толығымен сүзілді.
 - Дайындалған электролиттер атмосферадан ылғалдың сіңуін болдырмау үшін электрохимиялық ұяшықтарды жинау алдында тікелей пайдаланылды.
- 6 кестеде әртүрлі электрохимиялық жүйелер үшін зерттелген электролиттердің құрамы келтірілген. Электролиттер әртүрлі жүйелер үшін жеке-жеке таңдалып, олардың электрохимиялық сипаттамаларына электролит құрамының әсерін салыстырмалы түрде бағалау мақсатында зерттелді.

Кесте 6 – Әртүрлі жүйелер үшін зерттелген электролиттердің құрамы

а) Cu-NMC₁₁₁ жүйесі үшін

№	Литий тұздары	Еріткіштер	Қоспалар
1	1M LiDFOB	ФЭК:ДМЭ (3:7)	
2	1M LiClO ₄	ФЭК:ДМЭ (3:7)	
3	1M LiPF ₆	ФЭК:ДМЭ (3:7)	
4	0,4 M LiDFOB + 0,6 M LiBF ₄	ПК:ДМЭ (3:7)	
5	1M LiDFOB	ПК:ДМЭ (3:7)	
6	1M LiDFOB	ПК:ДМЭ (3:7)	3% ФЭК, 1% LiNO ₃
7	1M LiDFOB	ПК:ДМЭ:ЭА(3:7) (3:7:3)	5% ФЭК, 3% LiNO ₃

б) Li-V₂O₅ жүйесі үшін

№	Литий тұздары	Еріткіштер	Қоспалар
1	1 M LiDFOB	ПК:ДМЭ (3:7)	
2	1 M LiDFOB	ПК:ДМЭ (3:7)	15% ДОЛ
3	1 M LiTFSI	ПК:ДМЭ (3:7)	
4	1 M LiTFSI	ПК:ДМЭ (3:7)	15% ДОЛ
5	1 M LiDFOB	ПК:ДМЭ (3:7)	2% ФЭК и 1% ВК

в) Li-CF_x және Li-V₂O₅/CF_x жүйелері үшін

№	Литий тұздары	Еріткіштер	Қоспалар
1	1M LiDFOB	ПК:ДМЭ (3:7)	15% ДОЛ
2	1M LiDFOB	ПК:ДМЭ (3:7)	
3	1M LiTFSI	ПК:ДМЭ (3:7)	15% ДОЛ
4	1M LiTFSI	ПК:ДМЭ (3:7)	
5	1M LiDFOB	ФЭК:ДМЭ (3:7)	
6	1M LiClO ₄	ФЭК:ДМЭ (3:7)	
7	1M LiPF ₆	ФЭК:ДМЭ (3:7)	
8	0,4 M LiDFOB + 0,6 M LiBF ₄	ПК:ДМЭ (3:7)	
9	1M LiDFOB	ПК:ДМЭ (3:7)	
10	1M LiDFOB	ПК:ДМЭ (3:7)	3% ФЭК, 1% LiNO ₃

2.6 Анодсыз элементтерді жинау әдістемесі

Литий металының тұндыру ерекшеліктерін және әртүрлі электролиттік жүйелерде SEI қабатының түзілуін зерттеу мақсатында Li-Cu типті анодсыз элементтер жиналды. Анод ретінде мыс негізі қолданылады. Мұндай элементтерде литий алғашқы заряд процесі кезінде мыс негізге тұндырылады.

Анодсыз элементтерді жинау әдістемесі

Мыс негізін дайындау: қалыңдығы 18 мкм мыс фольгасы литийді тұндыру үшін негіз ретінде пайдаланылды. Мыс бетіндегі ластанудың болуы литийдің біркелкі емес тұндырылуына, дендритті құрылымдардың пайда болуына және ұяшықтың жалпы жұмысының нашарлауына әкеледі. Бұл себеппен алдымен мыс фольгасы алдын ала тазартылады:

- Плазмалық өңдеу: DEINER electronic atto I қондырғысы ластаушы заттар мен оксидті қабатларды кетіруде қолданылды.
- Қосымша кептіру: вакуумды кептіру шкафында 80 °С температурада 12 сағатта кептіріледі.

Li-Cu ұяшықтарын жинау процесі

Элементтерді жинау аргон атмосферасында қолғаптық бокста жүргізілді:

1. Мыс фольгасы 2032 корпусының төменгі жағына орнатылады;
2. Мыс негізге Celgard 2500 сепараторы қойылады;
3. Сепараторға зерттелетін электролиттің қажетті көлемі (20-30 мкл) құйылады;
4. Литий резервуарының рөлін атқаратын литий дискісі үстіне қойылады;
5. Соңында ұяшық пресс арқылы тығыздалады (герметизациялау сатысы).

Осылайша, заряд кезінде литий мыстың таза бетіне тұнбаға түсіп, литий анодын пайдаланбай зарядтану процесі басталады.

Анодсыз элементтерді зерттеу

Тестілеу:

- Бірінші заряд: 1 мАч/см² литий тұндырылғанға дейін C/20 тоғы;
- 1,5 В-қа дейін разряд;

- Тұндыру/разряд тиімділігін өлшеу.

Анодсыз элементтер электролит құрамының құрылғының электрохимиялық сипаттамаларына әсерін тікелей бағалауға мүмкіндік береді.

2.7 Аккумуляторлық ұяшықтарды прототиптеу үрдісі

CR2032 форматындағы зертханалық диск элементтерінен басқа, үлкен форм факторында аккумуляторлардың прототиптерін әзірлеу және жинау жүргізілді. Мақсаты – таңдалған электрод материалы мен электролит жүйесінің масштабталуын нақты аккумуляторлық жинақтарға жақын жағдайларда тексеру болды.

Прототиптер үшін электродтар жасау

Прототиптерге арналған электродтық материалдар зертханалық элементтер үшін жасалған технологиямен дайындалды (2.3 бөлімінде сипатталған), бірақ белгілі бір өзгерістермен:

- Жабын аймағын ұлғайту: катодтар мен анодтардың белсенді ауданы 5-20 см².
- Каландрлеуден кейінгі жабынның қалыңдығы: негізді есептемегенде 70-100 мкм.
- Пастаның құрамы электродтың үлкен өлшеміне байланысты электрод қабатының механикалық беріктігін оңтайландыруды ескере отырып таңдалды. Икемділікті арттыру үшін көміртекті нанотүтікшелердің қолданылған мөлшері артты.

Компоненттерді дайындау

Анодтар: қалыңдығы 100 мкм болатын металл литий дискілері қолданылды.

- Катодтар: массасы бойынша 7:3 қатынасында алынған V₂O₅+CF_x күрделі катодты материал пайдаланылды.
- Сепараторлар: микрокеуекті қалыңдығы 25 мкм полипропилен мембранасы Celgard 2500.

Құрастыру алдында барлық компоненттер қосымша кептірілді:

- Катодтар мен сепараторлар: 80 °C вакуумда, 15 сағат.
- Литий анодтары: ылғал мен еріткіштердің қалдық іздерін кетіру мақсатында қолғап боксында 40 °C температурада 48 сағат бойы кептірілді.

Аккумулятор прототипін жинау үрдісі

Аккумулятор прототипін жинау үрдісі аргон атмосферасында қолғаптық бокста жүзеге асырылды:

1. Литий анодын орнату;
2. Сепараторды орнату;
3. 1 M LiTFSI ПК:ДМЭ (3:7) + 15% ДОЛ электролитін құю;
4. Катодты орнату.
5. Корпус элементтерін орнату (сақиналар, қақпақ).
6. Корпусты престеу әдісімен тығыздау, содан кейін электролиттің ағып кетпес үшін эпоксидті шайыр негізіндегі қосылыспен желімдеу.



Сурет 10 – V_2O_5/CF_x негізіндегі призмалық литий тоқ көзінің прототипі

Толық өлшемді V_2O_5/CF_x композициясы негізінде литий тоқ көздерін жинау үшін ламинатталған алюминий фольгадан жасалған жұмсақ корпуста призмалық типтік прототиптер сериясы жасалды (10 сурет). Электродтардың өлшемдері $4,3 \times 5,8$ см болды. Әр прототиптің конфигурациясында тоғыз белсенді қабатты екі жақты катодтар мен он литий анодтары пайдаланылды. Катодтардың екі жақты қабатының массалық жүктемесі 35 мг/см^2 болды. Барлық оң электродтық материалдар белсенді компоненттердің 70:30 массалық қатынастағы бір партия электрод таспасынан жасалды. Электродтық жабындының сандық құрамы:

Белсенді материал V_2O_5/CF_x – 91%,

Көміртекті күйе С45 – 1%,

Көміртекті нанотүтікшелер – 3%,

Полимерлі байланыстырғыш ПВДФ – 5%.


Ұяшық өлшемдерін масштабтау электролиттің нақты таралуын, электродтардағы реакцияның біркелкілігін қамтамасыз етеді. Зертханалық 2032 форматындағы дискілерге қарағанда жоғары тоқтар мен ұяшық көлемінің жоғарылауы жағдайында қалыптасқан SEI қабатының түзілуін тексеруге мүмкіндік береді.

3 НӘТИЖЕЛЕР МЕН ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

3.1 Li-V₂O₅ жүйесіндегі электролиттерді зерттеу

Зерттеулер литий-ионды ұяшықтарды қолдана отырып жүргізілді. Анод ретінде литий металы, ал катод ретінде V₂O₅ белсенді материалы қолданылды. Li - V₂O₅ жүйесін кешенді талдау үшін белсенді массаны негізге жаққаннан кейін катод морфологиясына ерекше назар аударылды. Бастапқы кезеңде электрохимиялық зерттеулер алдында сканерлеуші электронды микроскопия (СЭМ) әдісімен V₂O₅ негізіндегі электродтық материалдардың беті зерттелді. 11-сурет электродтық жабынның электролитпен өзара әрекеттесуді, интерфейстің қалыптасуын және иондардың қозғалу сипаттамаларын анықтайтын және құрылымдық параметрлерін бағалауға мүмкіндік береді.

Төмен үлкейтілген СЭМ кескінінде (11 (а) - сурет) белсенді материалдың алюминий тоқөткізгіш негізінде біркелкі таралуы байқалады. Электродтық материалдың беті көрінетін агломераттар мен жарықтардың болмауымен сипатталады, бұл бөлшектердің жақсы дисперсиясын және негізге берік адгезияны көрсетеді. Мұндай морфология электролиттің электродтық материалына біркелкі енуін қамтамасыз ету үшін маңызды, әсіресе еріткіштің тұтқырлығы төмен немесе иондардың қозғалғыштығы шектеулі жүйелер қолданылса (мысалы, құрамында ДМЭ бар қосылыстарды қолданғанда және 0 °С-тан төмен температурада). Үлкейтілген кескін (11-сурет (б)) V₂O₅ біріктірілген бөлшектері мен өткізгіш қоспалардан түзілген микрокеукті құрылымды көрсетеді. Бөлшектер кеуектерінің болуы электролитпен жанасу үшін қосымша аумақты қамтамасыз етеді және тұрақты катодты фазааралық СЕІ қабатының пайда болуына ықпал етеді.



Сурет 11 – V₂O₅ негізіндегі катод беттерінің СЭМ суреттері (а) - жабынның біркелкі таралуын көрсететін беттің жалпы көрінісі; (б) - микрокеукті құрылымы бар үлкейтілген аймақ.

Алынған V_2O_5 негізіндегі катодтардың бастапқы құрылымы әртүрлі электролиттік жүйелердің әсерін зерттеу үшін оңтайлы. Беттік қабаттың біркелкілігі, жоғары кеуектілігі және диффузия үшін тұрақты арналардың болуы одан әрі циклдік және кедергі өлшемдерінде алынған нәтижелердің қайталануын және сенімділігін қамтамасыз етеді.

Бұл зерттеудің мақсаты электролит құрамының Li - V_2O_5 жүйесіндегі литий электродының тұрақтылығына әртүрлі разряд режимдерінде, ұзақ циклдеу және электрохимиялық сипаттамаларға негізделген әсерін анықтау болды. Электролиттер көлемі бойынша 3:7 қатынасында ПК және ДМЭ еріткіштері негізінде дайындалды. LiDFOB және LiTFSI тұздары 1 моль/л концентрациясында қолданылды. Үш композицияға қосымша ретінде 15% ДОЛ, 2% ФЭК және 2% ВК енгізілді. Барлығы бес электролиттік жүйелер зерттелді:

1. 1 М LiDFOB ПК:ДМЭ-да (3:7);
2. 1 М LiDFOB ПК:ДМЭ-да (3:7) + 15% ДОЛ;
3. 1 М LiTFSI ПК:ДМЭ-да (3:7);
4. 1 М LiTFSI ПК:ДМЭ-да (3:7) + 15% ДОЛ;
5. 1 М LiDFOB ПК:ДМЭ-да (3:7) + 2% ФЭК + 2% ВК.


Электрохимиялық тестілеу BioLogic потенциостатындағы гальваностатикалық циклдеуді қамтыды. Разряд қисықтары 2,2 – 3,8 В кернеу диапазонында әр түрлі тоқтарда түсірілді: C/2, C, 2C және 5C. Әрбір режим сыйымдылықтың қалпына келуін бағалау үшін соңында бастапқы C/2 циклінің қайталануымен реттілікпен орындалды. Ұзақ мерзімді циклдеу 300 цикл ішінде C/2 тоғында жүргізілді. Кулондық тиімділік заряд сыйымдылығының разряд сыйымдылығына қатынасы негізінде есептелді. Сонымен қатар, алғашқы 3 циклге дейін және одан кейін электрохимиялық импеданс спектроскопиясы (ЭИС) жүргізілді (формирование). ЭИС жиілік диапазоны 100 кГц – 10 мГц, бұзылу амплитудасы 10 мВ болды. Әр электролит үшін кемінде 3 электрохимиялық ұяшықтар жиналды, олардың параметрлері А қосымшасында келтірілген. Барлық зерттеулер температурасы 25 ± 1 °C жүргізілді.

3.1.1 Электролиттер құрамының әртүрлі разряд режимдеріндегі электрохимиялық сипаттамаларға және циклдік тұрақтылыққа әсері

3.1.1.1 ПК:ДМЭ еріткіштер қоспасындағы LiDFOB және LiTFSI негізіндегі электролиттер: ДОЛ қоспасының әсері

12-суретте жоғарыда аталған электролит құрамдарын пайдаланылған Li- V_2O_5 негізіндегі ұяшықтардың заряд-разряд қисықтары көрсетілген. Нәтижелер элементтердің C/2, C, 2C және 5C әртүрлі разряд жылдамдықтарындағы жұмысын көрсетеді, олар 2,8 мА, 5,6 мА, 11,3 мА және 28,2 мА разряд тоқтарына сәйкес келеді. C/2 циклінің қайталануы электролит құрамының ұяшықтардың жоғары жылдамдықтағы және қайтымды сипаттамаларына әсерін бағалауға мүмкіндік береді. Төмен заряд-разряд жылдамдықтарында C/2 және C барлық

жүйелер меншікті сыйымдылықтың мәндерін 270 мА·сағ/г дейін көрсететінін көруге болады. Разряд жылдамдығы жоғарылаған сайын 2С және әсіресе 5С-ге дейін айырмашылықтар айқынырақ байқалады.



Сурет 12 – Токтың әртүрлі мәндеріндегі ұяшықтардың заряд-разряд қисықтары


1 М LiDFOB ПК:ДМЭ (3:7) электролиті үшін: 28,2 мА ток кезінде сыйымдылық 110 мА·сағ/г дейін төмендейді, ал 15% ДОЛ қоспасын енгізу арқылы оны 120 мА·сағ/г дейін арттырады. 11,3 мА ток кезінде LiDFOB электролиттері бар ұяшықтардың меншікті сыйымдылығы ~150 мА·сағ/г дейін

төмендейді. Ал LiTFSI жүйелері үшін ол ~ 170 мА·сағ/г деңгейінде сақталады. Ең айқын өзгерістер 28,2 мА жоғары разряд тоғында байқалады. 1 М LiTFSI ПК:ДМЭ (3:7) электролитінде меншікті сыйымдылық 50 мА·сағ/г ғана құрайды, ДОЛ қосқанда - 90 мА·сағ/г дейін, бұл функционалды қоспаның оң әсерін көрсетеді. ДОЛ қоспасы екі тұз үшін де жылдамдық сипаттамаларын жақсартады. Жоғары сыйымдылық мәндері жоғары тоқ режимінде LiDFOB негізіндегі электролиттері бар ұяшықтарда байқалады, ал қоспасыз электролитте LiTFSI негізіндегі электролиттер жоғары тоқтарда ең төмен көрсеткіштерге ие.

Разрядтық қисықтармен қатар зарядтау қисықтарын талдау электролит құрамының ұяшықтардың тоқтық жүктемелерге бейімделуін толық сипаттауға мүмкіндік береді. Зарядтау кезінде барлық зерттелген жүйелер үшін кернеудің разрядқа қарағанда жоғары мәндерде орналасуы байқалады, бұл зарядтау процесіне тән поляризациямен түсіндіріледі.

Төмен тоқ режимдерінде C/2 және C LiTFSI мен LiDFOB негізіндегі электролиттері бар элементтердің зарядтық қисықтары бір-біріне жақын орналасып, заряд кернеуінің салыстырмалы түрде тұрақты деңгейін көрсетеді. Бұл аймақта зарядтау кернеуі шамамен 3,7–3,8 В аралығында орналасады. Бұл жағдайда электролит құрамының әсері әлсіз байқалады және жүйенің жұмысы негізінен катод материалының қасиеттерімен анықталады. Разряд жылдамдығы артқан сайын (2C және 5C) зарядтық қисықтар арасындағы айырмашылықтар айқын көрінеді. Жоғары тоқ режимдерінде қолжетімді заряд сыйымдылығы ≈ 100 – 140 мА·сағ/г аралығымен шектеледі. Осы аймақта LiTFSI негізіндегі электролиттер үшін зарядтау кернеуі 4,1 – 4,3 В деңгейіне дейін өседі, бұл жүйедегі поляризацияның айқын артқанын көрсетеді. LiDFOB негізіндегі электролиттер үшін жоғары тоқ режимдерінде зарядтау кернеуі салыстырмалы түрде төмен болып, 5C кезінде 3,9 – 4,0 В шамасында сақталады. Бұл жағдайда қолжетімді сыйымдылық ≈ 120 – 140 мА·сағ/г деңгейінде болады, бұл тұрақты және тоққа төзімді SEI қабатының түзілуімен байланысты. 15% ДОЛ қоспасын енгізу зарядтау үрдісін тұрақтандырып, жоғары тоқ режимдерінде зарядтау кернеуінің 0,1–0,2 В төмендеуіне және қолжетімді сыйымдылықтың артуына әкеледі.

Айнымалы тоқ жүктемелерінде сыйымдылықты сақтау нәтижелері (13-сурет) осы тұжырымдарды дәлелдейді. 15% ДОЛ енгізу LiDFOB негізіндегі электролиттердің меншікті сыйымдылығын арттырады және жүйеде зарядты тасымалдау кедергісін төмендетеді, бірақ оны LiTFSI үшін төмендетеді, бұл қоспаның анод бетімен және тұз анионымен өзара әрекеттесуінің әртүрлі механизмін көрсетеді. LiDFOB негізіндегі электролиттерде разряд жылдамдығы 5C кезінде сыйымдылық 120 мА·сағ/г құрайды. LiTFSI жағдайында ол неғұрлым айқын поляризацияны және сыйымдылықтың жылдам төмендеуін көрсетеді.



Сурет 13 – Li-V₂O₅ жүйесінде разряд тоғы өзгерген кезде сыйымдылықтың сақталуы

Анықталған айырмашылықтар мен жылдамдық сипаттамаларының жақсаруы SEI қабатының түзілу химиясымен түсіндіріледі. LiDFOB тұзының ыдырау процесі қатты бейорганикалық қосылыстардың түзілуіне әкелетін параллель жүретін электрохимиялық және химиялық түрленулердің жиынтығы болып табылады. LiDFOB тұзы LiF, оксалат қосылыстарының және тігілген олигомерлі бораттардың түзілуімен сипатталады:




LiDFOB негізіндегі электролиттегі ДОЛ қоспасы электродпен жанасуды жақсартатын және дендриттердің өсуін тежейтін серпімді полимерлі қабықшасының түзілуіне ықпал етеді:




Бейорганикалық және органикалық қосылыстар түзілуімен өтетін ПК пен ДМЭ еріткіштердің жанама реакциялары қосымша үлес қосады:





ROLi – литий алкооксидті қосылыстар, ROCO₂Li – литий алкилкарбонатты қосылыстар.

LiTFSI жағдайында ДОЛ қоспасы жоғары тоқтарда ыдырауы мүмкін, бұл SEI қабатының тұрақсыз компоненттерінің пайда болуына және фазааралық кедергінің өсуіне әкеледі. Разряд жылдамдығын C/2-ге дейін қайта төмендету кезінде барлық электролиттерде сыйымдылықтың қалпына келуі байқалады. Бұл жоғары тоқтарда айналғаннан кейін қалыптасқан SEI қабаттары мен беткі қабаттардың қайтымдылығы мен тұрақтылығын дәлелдейді. Ең айқын қайтымды реакция 1 M LiDFOB ПК:ДМЭ (3:7) + 15 % ДОЛ электролиті бар үлгілері үшін белгіленеді. Жүргізілген зерттеулер LiDFOB тұз негізіндегі циклдік эфир ДОЛ қоспасын қолдану жоғары жылдамдықты сипаттамаларды және циклдік тұрақтылықты жақсартады. Бұл нәтижелер жоғары жүктемелер мен айнымалы тоқ режимдерінде жұмыс істеуге арналған электрохимиялық энергия көздері үшін пайдаланылуы мүмкін. 14-суретте зерттелетін элементтердің ұзақ мерзімді циклінің нәтижелері келтірілген.



Сурет 14 – Li–V₂O₅ жүйесіндегі электролиттердің әртүрлі құрамы үшін меншікті сыйымдылықтың цикл санына тәуелділігі


График электролит құрамының циклдік тұрақтылығына әсерін бағалауға мүмкіндік беретін 300 заряд-разряд циклдеу процесінде меншікті

сыйымдылықтың өзгеруін көрсетеді. Нәтижелерді талдай отырып, LiTFSI тұзы негізіндегі электролиттер ең жақсы циклдік тұрақтылықты көрсететінін айқын. ПК мен ДМЭ еріткіштердің қоспасындағы LiTFSI тұзы мен 15% ДОЛ электролиті жоғары бастапқы сыйымдылықты шамамен 225 мА·сағ/г, сондай-ақ циклдеу процесінде сыйымдылықтың ең аз төмендеуін көрсетеді. 300 циклге жақын, берілген электролиті бар ұяшық сыйымдылықты 70-100 мА·сағ/г деңгейінде сақтайды. Бұл нәтижелер қалыптасқан SEI қабатының жақсы тұрақтылығын, жағымсыз реакциялардың тиімді тежелуін және сәйкесінше белсенді материалдың минималды деградациясын көрсетеді.

ДОЛ қосылған LiTFSI негізіндегі жүйелердің тұрақтылығының жоғарылауы TFSI⁻ анионының ыдырау ерекшеліктерімен және тұрақты SEI түзілуімен байланысты. Бейорганикалық фторидтерге және құрамында күкірт-фтор бар қосылыстарға бай қабат V₂O₅ еруін азайтады:



V₂O₅ катодындағы процестердің жалпы схемасы аниондар мен еріткіштердің ыдырау өнімдерімен SEI түзілуін қамтиды:



Анодта литийдің тұну процесі өтеді. Үрдіс нәтижесінде LiF, Li₂CO₃ және органикалық қосылыстар түзіледі:



1 М LiTFSI ПК:ДМЭ-да электролиті бар үлгілердің салыстырмалы түрде жақсы циклдік тұрақтылықты көрсетеді, дегенмен ДОЛ қоспасы бар үлгілерге қарағанда циклдеу процесі кезінде разрядтық платоның төмендеуі байқалады. Бұл көрініс литий иондарының тасымалдану кинетикасының және поляризациялық кедергінің өсуімен байланысты болады. Бұл процестер SEI қабатының тұрақсыздығымен және электрод-электролит арасындағы байланыстың нашарлауымен байланысты. ДОЛ циклдік эфирі электролит сипаттамаларын жақсартудағы маңызды рөл атқарады.

LiDFOB тұз негізіндегі электролиттер LiTFSI негізіндегі электролиттермен салыстырғанда төмен циклдік тұрақтылығымен сипатталады. 1М LiDFOB ПК:ДМЭ-да + 15 % ДОЛ электролиті бар ұяшықтар меншікті сыйымдылықтың қатты төмендеуін көрсетеді. 100 циклден 200 циклге дейін меншікті сыйымдылық 50 мА·сағ/г-ден төмен деңгейге дейін төмендейді, ал 300 циклге дейін ол толығымен жоғалады. Бұл фазааралық құрылымның айқын деградациясын және электродтардың бетінде электролиттің ыдырау өнімдерінің жиналуын айқындайды.

1 М LiDFOB ПК:ДМЭ-да электролиті бар ұяшықтар 100 циклден кейін сыйымдылықтың салыстырмалы түрде тез төмендеуімен сипатталады, бірақ


ДОЛ қоспасына қарағанда деградация аз байқалады. Дегенмен, 300 циклге қарай бұл элементтердің меншікті сыйымдылығы 50 мА/сағ-тан төмен деңгейге дейін айтарлықтай төмендейді.

Осылайша, ұзақ мерзімді циклдеу нәтижелері бойынша Li–V₂O₅ элементтерінің жоғары циклдік тұрақтылығын қамтамасыз ететін электролит құрамы 1 М LiTFSI ПК:ДМЭ + 15 % ДОЛ екені анықталды. Бұл электролитті қолдану литий-ионды элементтердің қызмет ету мерзімін ұзартуға және ұзақ мерзімді заряд-разряд циклдарының тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Зерттеулер көрсеткендей, LiDFOB тұзы негізіндегі электролиттер құрамы жоғары тоқ режимдері тиімді екенін, ал LiTFSI негізіндегі электролиттер құрамы төмен тоқтарда ұзақ циклдеуде режимінде тиімді болатынын көрсетті.


3.1.1.2 ПК:ДМЭ еріткіштер қоспасындағы LiDFOB негізіндегі электролит: ФЭК және ВК қоспаларының әсері

15 суретте әртүрлі разряд тоқтарында 1 М LiDFOB ПК:ДМЭ-да (7:3) + 2% ФЭК + 2% ВК электролиті бар Li–V₂O₅ элементтерінің разрядтық сипаттамалары көрсетілген. 16 суретте әртүрлі тоқтық жүктемелер кезінде цикл санына байланысты меншікті сыйымдылықтың өзгерісі көрсетілген.



Сурет 15 – Тоқтың әртүрлі мәндеріндегі ұяшықтардың заряд-разряд қисықтары

Бұл электролит құрамының литий анодының тұрақтылығына және циклдеу тиімділігіне әсерін бағалауға мүмкіндік береді.



Сурет 16 – Өртүрлі разрядтық тоқ мәндеріндегі электрохимиялық ұяшықтардың меншікті сыйымдылығының сақталуы

16 суретте (C/2, C, 2C, 5C циклдері - C/2 режимге оралу) циклдеу режимі қайтадан төмен тоқ мәніне оралғанда меншікті сыйымдылық 250 mA·сағ/г-ды құрайды, яғни сыйымдылықтың толық қалпына келетінін көрсетеді. Бұл электрохимиялық процестердің жоғары қайтымдылығын және фазааралық қабаттардың тұрақтылығын дәлелдейді.




Ұзақ мерзімді циклдеу зерттеулері бойынша (14-сурет) осы электролит бар жүйе 150 заряд-разряд циклі кезінде тұрақты плато мен меншікті сыйымдылықтың 230 mA·сағ/г-ға дейін сақталуын көрсетті. Алынған нәтижелер ФЭК және ВК қоспаларының синергетикалық әсерімен түсіндіріледі. ФЭК тотықсыздануы кезінде бейорганикалық қосылыс LiF түзеді, ол SEI қабатын нығайтады және оның иондық өткізгіштігін арттырады. Ал ВК полимерленіп, қабаттың жарылуын және жергілікті тұрақсыздығын болдырмайтын органикалық серпімді тор түзеді (3.1.2.2-тарауда сипатталған). Екі қоспаның бірге қолдану - жоғары механикалық беріктігі мен тұрақтылығы бар күрделі құрамды SEI қабатының түзілуіне әкеледі, бұл фазааралық кедергінің төмендеуін, ~100% кулондық тиімділікті тұрақтандыруды және ұзақ циклдеу кезінде сыйымдылықты жақсартуды қамтамасыз етеді.

Осылайша, құрамы LiDFOB ПК:ДМЭ-да (7:3) + 2% ФЭК + 2% ВК электролит тұрақты заряд-разряд платосын және жоғары тоқтарда сыйымдылықтың сақталуын қамтамасыз етеді. Мұндай элементтер жоғары тоқ тұрақтылығымен және ауыспалы жүктемелер кезінде сыйымдылықтың толық қалпына келуімен сипатталады.


3.1.2 Ұяшықтардың циклдеу процесіндегі кулондық тиімділігі мен фазааралық кедергісін зерттеу

3.1.2.1 ПК:ДМЭ еріткіштер қоспасындағы LiDFOB және LiTFSI негізіндегі электролиттер: ДОЛ қоспасының әсері

Зерттеу кулондық тиімділіктің өзгерісін және циклдеу барысында фазааралық кедергінің эволюциясын талдауға бағытталған, бұл литий анодының тұрақтылығын бағалауға мүмкіндік береді. 17 суретте электрохимиялық жүйелердің 300 цикл барсындағы кулондық тиімділіктерінің өзгеруінің нәтижелері көрсетілген.



Сурет 17 – Электрохимиялық ұяшықтардың кулондық тиімділігінің цикл санына тәуелділігі, 1 бет




Сурет 17, 2 бет

Ұяшықтардың кулондық тиімділігі зерттеу кезінде бұл параметрдің тұрақтылығы электролиттің құрамына айтарлықтай тәуелді екенін көрсетті. 1 M LiDFOB ПК:ДМЭ-да электролиттер бар элементтерде 250 циклге дейін кулондық тиімділік тербелістері байқалады. Бұл түзілген фазааралық қабатының аздаған тұрақсыздығын және жанама реакциялардың өтуін мәлімдейді. ДОЛ қоспасы енгізілгенде кулондық тиімділік 150 циклден ғана аздап ауытқиды. 1 M LiTFSI ПК:ДМЭ-да электролиті үшін тиімділік 99 % мәніне жетеді. Бірақ қисық біртекті емес SEI – қабатының түзілуіне байланысты аздаған ауытқулармен сипатталады. Ұяшықтардың ішінде ең тұрақты мәндерге 1 M LiTFSI ПК:ДМЭ-да + 15% ДОЛ электролиті бар элементтер ие болады. Бұл элементтерде кулондық тиімділік 99 – 100% деңгейінде тұрақтанып, 300 цикл бойы іс жүзінде өзгеріссіз сақталды.

Алынған нәтижелер ұзақ мерзімді циклдеу нәтижелерімен толығымен сәйкес келеді (14-сурет). LiDFOB негізіндегі электролиті бар ұяшықтар алғашқы 100-150 цикл кезінде сыйымдылығын тез жоғалтады, бұл олардың кулондық тиімділігіндегі ауытқуларына сәйкес келеді. Ал ДОЛ қоспасы бар LiTFSI негізіндегі электролит жүйесінде сыйымдылықтың ~ 100 мА·сағ/г деңгейінде сақталуын іс жүзінде кулондық тиімділіктің 300 цикл барысында өзгермейтінін көрсетеді. Бұл электролиттің құрамы LiTFSI ПК:ДМЭ-да (3:7) + 15% ДОЛ Li-V₂O₅ жүйесі үшін тиімді таңдау болып табылады [149]. Электролит литий электродының тұрақтылығын және ұзақ мерзімді жұмыс жағдайында тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

18-суретте қалыптастыру кезеңіне дейін және кейін түсірілген импеданстық диаграммалар бейнеленген.



Сурет 18 – Ұяшықтардың қалыптастыру кезеңіне дейін және кейін түсірілген импеданстық диаграммалар

Электрохимиялық импеданс спектроскопиясының нәтижелері бойынша барлық жүйелер қалыптастыру кезеңіне дейін кедергі мәндері салыстырмалы түрде шамалас болды. 1M LiDFOB PK:DMЭ-да электролит жүйесінен басқа барлық жүйелерде үш қалыптастыру циклінен кейін жартылай шеңберлердің кіші мәндерге ауысуы байқалады. Бұл беткі қабатының кедергісінің (R_{SEI}) және зарядтың тасымалдау кедергісінің (R_{ct}) төмендеуін білдіреді. Ең үлкен $R_{SEI} + R_{ct}$ салыстырмалы төмендеу ($\approx 11\%$) 1 M LiTFSI PK:DMЭ-да + 15% ДОЛ электролитінде байқалды, импеданстық спектроскопия деректерінің мәндері А қосымшасында көрсетілген. PK:DMЭ (3:7) еріткіші бірдей болған жағдайда, LiTFSI тұздары LiDFOB-пен салыстырғанда интерфейстік импеданс мәндерінің аз екенін көрсетті, бұл литий бетінде жұқа бейорганикалық SEI қабатының түзілуімен және оның жақсы пассивациясымен байланысты. 15 % ДОЛ қоспасы


екі тұз үшін де жартылай шеңбер кедергісін төмендетеді. LiDFOB үшін $R_{SEI} + R_{ct}$ шамалы ғана азайса, LiTFSI үшін шамамен 10 Ом-ға төмендейді. Болжам бойынша, ДОЛ анод бетінде полимерленіп, ион өткізгіштігі жоғары серпімді қабат түзеді, ол литийдің біртекті тұнуын қамтамасыз етіп, SEI қабатындағы ақаулардың тығыздығын азайтады.

LiTFSI негізіндегі электролиттер, әсіресе 15% ДОЛ қоспасымен біріктірілгенде, фазааралық кедергінің минималды мәндерін, демек, Li-V₂O₅ элементтеріндегі зарядты тасымалдаудың ең қолайлы кинетикасын қамтамасыз ететін электролит құрамы деп қорытынды жасауға болады. ДОЛ қосымшасы тиімді, бірақ SEI қабатының борорганикалық сипатына байланысты жоғары интраорганикалық поляризацияны толығымен өтемейді. Алынған ЭИС деректері бұрын көрсетілген разряд қисықтарына сәйкес келеді: 1 М LiTFSI ПК:ДМЭ-да + 15% ДОЛ электролиті бар элементтер жоғары кернеу мәнімен және жоғары жылдамдық қабілеттілігімен сипатталады.

Алынған нәтижелер Li – V₂O₅ жүйесіндегі электролит құрамының литий электродының тұрақтылығына айтарлықтай әсерін көрсетті. Құрамында ДОЛ қоспасы бар электролиттер бар электрохимиялық ұяшықтар циклдеу кезінде сыйымдылықты сақтаудың жоғары мәндерін, тұрақты кулондық тиімділік мәндерін және төмен фазааралық кедергіні көрсетті. Бұл литий анод пен электролит арасындағы тұрақты және ион өткізгіш интерфейсті қалыптастырудағы ДОЛ қоспасы шешуші рөлді атқаратынын айқындайды. Ең жоғары мәндерге LiTFSI ПК:ДМЭ-да (3:7) + 15% ДОЛ электролиті бар элементтер ие болды. Осылайша, ДОЛ қоспасы бар LiTFSI негізіндегі электролитті пайдалану V₂O₅ катодты жүйелерде литий анодын тұрақтандырудың перспективті стратегиясы болып табылады [73, 206 бет]. Бұл комбинация жоғары сыйымдылықты да, ұзақ мерзімді сақтауды да қамтамасыз етеді, деградация қаупін азайтады және қауіпсіздікті арттырады. Осы құрамды электролиттерді ұзақ қызмет ету мерзімін қажет ететін жоғары энергиялы литий-ионды аккумуляторларда қолдануға жарамды етеді.

3.1.2.2 LiDFOB негізіндегі ПК:ДМЭ-да электролиті: ФЭК және ВК қоспаларының әсері

19 суретте 1 М LiDFOB ПК:ДМЭ-да (7:3) + 2% ФЭК + 2% ВК электролиті бар ұяшықтардың қалыптастыру кезеңіне дейін және кейін өлшенген импеданс диаграммалары көрсетілген. Қалыптастыру кезеңінен кейін жартылай шеңбердің диаметрі айтарлықтай төмендейтіні байқалады. Бұл R_{SEI} фазааралық кедергісінің төмендеуін және R_{ct} зарядты тасымалдау кинетикасының жақсарғанын көрсетеді. $R_{SEI} + R_{ct}$ төмендеуі 10-15% құрайды.




Сурет 19 - Ұяшықтардың қалыптастыру кезеңіне дейін және кейін түсірілген импеданстық диаграммасы

ФЭК және ВК функционалды қоспаларын енгізу литий электродының бетінде біртекті және тұрақты фазааралық қабатының түзілуіне ықпал ететіндігін көрсетеді. 20-суретте 300 циклдеу процесі кезінде жүйенің кулондық тиімділігі көрсетілген. Кулондық тиімділік мәндері 99-100% деңгейінде тез тұрақтанады, бұл жағымсыз реакциялардың төмен қарқындылығын, литий иондарының жоғары кинетикасын және қалыптасқан SEI қабатының жоғары тұрақтылығын растайды.

Осылайша, 1 М LiDFOB PK:DMЭ-да + 2% ФЭК и 2% ВК электролитті қолдану фазааралық кедергінің төмендеуін ғана емес, сонымен қатар ұзақ мерзімді жұмыс кезінде электрохимиялық ұяшықтардың жоғары тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Эксперименттердің нәтижелері ФЭК қоспасының литий анодында тотықсыздануы кезінде LiF және полимерлі органикалық қосылыстардың түзілуімен жүретін үрдіс. Ыдырау сатылары төменде көрсетілген:





Сурет 20 – Электрохимиялық ұяшықтардың кулондық тиімділігінің цикл санына тәуелділігі

Түзілген LiF ерігіштігі төмен және Li⁺ үшін иондық өткізгіштігі жоғары бейорганикалық берік SEI қабатын түзуге зор үлес қосады. Түзілетін полимерлік қосылыстар литийдің тұнуы кезінде туындайтын механикалық кернеулерді өтейтін серпімді матрица қалыптастырады.

ВК анодта оңай полимерленіп, ақаулар мен микрожарықтарды жабатын поли(ВК) қабатын түзеді:



Циклдің ашылуы арқылы реакцияға қабілетті аралық өнімдер түзіледі. Түзілген аралық өнімдер литий ионымен әрекеттесіп, әрі қарай полимерлену нәтижесінде поликарбонатты SEI қабатын қалыптастырады. Бұл қабат электрод бетінің ақаулары мен микро-жарықтарын жауып, электролиттің әрі қарай ыдырауын тежейді және литий анодының циклдік тұрақтылығын арттырады. Осындай құрылым дендриттердің өсуіне кедергі келтіреді және еріткішпен жағымсыз реакциялардың жылдамдығын төмендетеді. Сонымен қатар, ВК қоспасы металдардың электролитке ауысуын тежей отырып, V₂O₅ электродында да жұқа қорғаныс қабатының түзілуіне қатысады.

Функционалды қоспалардың бірлескен әрекеті жүйеге келесі жағдайларды қамтамасыз етеді:

- ФЭК қоспасы LiF-ке толы жақтауды, ал ВК қоспасы – полимерлі торды қамтамасыз етеді, сәйкесінше олардың комбинациясы гибридті, механикалық тұрақты және ион өткізгіш SEI қабатын түзеді.
- ЭИС мәліметтері бойынша фазааралық кедергіні $\approx 10\%$ төмендетеді.
- Li-дің біркелкі тұндыруын, жоғары тоқтарда аз поляризациялануын және үлкен тоқтардан кейін кіші тоқтарға оралғанда сыйымдылықтың толығымен қалпына оралуын қамтамасыз етеді.

Осылайша, 1 M LiDFOB ПК:ДМЭ-да + 2% ФЭК и 2% ВК электролиті тұрақты разряд үстірті мен жоғары тоқ режимінде сыйымдылықты сақтаумен сипатталады. Жұқа және LiF-ке бай және полимермен күшейтілген SEI қабатының түзілуі есебінен төмен фазааралық кедергі, жанама реакциялар мен электродтардың деградациясын басу, сондай-ақ айнымалы жүктемелер кезінде жоғары тоқтық тұрақтылық пен сыйымдылықтың толық қалпына келуі осы электролит құрамымен қамтамасыз етіледі.

3.2 Li – V₂O₅/CF_x жүйесіндегі электролиттерді зерттеу

Электролит құрамының Li-V₂O₅/CF_x негізіндегі гибридті катод жүйесіндегі литий анодының электрохимиялық әрекетіне әсерін бағалау мақсатында CR2032 форматындағы электрохимиялық ұяшықтар жиналып, зерттелді. Оң электрод ретінде алюминий фольгаға жағылған V₂O₅ және CF_x негізіндегі белсенді материал пайдаланылды, теріс электрод – литий металы.

Электролиттердің келесі құрамы қолданылды:

1. 1 M LiDFOB ПК:ДМЭ-да (3:7);
2. 1 M LiDFOB ПК:ДМЭ-да (3:7) + 15% ДОЛ;
3. 1 M LiTFSI ПК:ДМЭ-да (3:7);
4. 1 M LiTFSI ПК:ДМЭ-да (3:7) + 15% ДОЛ.

Элементтер жиналғаннан кейін бөлме температурасында 12 сағат бойы тыныштықта ұсталды. Келесі кезеңде электрохимиялық импеданстық спектроскопия әдісімен 1 МГц – 0,1 Гц жиілік диапазонында және 10 мВ амплитудасында импеданстық сипаттамалар өлшенді. Бұл өлшеулер заряд тасымалдау кедергісін және қалыптастыру кезеңіне дейінгі фазааралық қабатының түзілуін бағалауға мүмкіндік берді. Әр электролит үшін 3 электрохимиялық ұяшықтар жиналды және олардың параметрлері Θ қосымшасында келтірілген.

Келесі кезеңде ұяшықтар 3 – 3,8 В кернеу диапазонында C/20 разряд жылдамдығында қалыптастыру процесіне ұшырады. Қалыптасқаннан кейін анод интерфейсінің сипаттамаларындағы өзгерістерді бағалау мақсатында қайтадан импеданстық сипаттамаларды өлшеу жүргізілді.


Соңғы кезеңде 1,5 В кернеуіне дейін 2C тұрақты токпен разряд сынағы жүргізілді, платформаның сипаттамалары бағаланатын разряд қисықтары тіркелді: меншікті сыйымдылық пен профиль формасы.

Осылайша, зерттеу хаттамасы электрохимиялық ұяшықтардың қалыптастыру кезеңіне дейінгі және кейінгі әрекеттерін салыстыруға, сондай-ақ LiDFOB және LiTFSI тұздардың әсерін және ДОЛ қоспасының электродтық

процестерге, әсіресе жоғары ток жүктемесі жағдайында әсерін анықтауға мүмкіндік берді.

3.2.1 Жүйенің электрохимиялық кедергісін талдау: электролит құрамының фазааралық кедергіге әсері

21-суретте V_2O_5/CF_x негізіндегі ұяшықтардың импеданс диаграммалары көрсетілген.



Сурет 21 – Электрохимиялық ұяшықтардың қалыптастыру процесіне дейінгі және кейінгі импеданс диаграммалары

Жоғарыда аталған электролит құрамдары қолданылды. Өлшеу қалыптастыру процесіне дейін және кейін жүргізілген. Барлық жағдайларда Найквист диаграммаларында жоғары жиілікті жартылай шеңбердің болуы электрод/электролит шекарасындағы зарядтың берілу кедергісіне, сондай-ақ SEI

кабатының кедергісі мен сыйымдылығына сәйкес келеді. Төмен жиілікті аймақта электрод пен SEI қабатындағы литий иондарының шектеулі диффузиясымен байланысты диагональды "құйрық" байқалады.

Барлық жүйелердегі қалыптастыру процесінен кейінгі кедергінің өзгеруі электрондық оқшаулану мен иондық өткізгіш рөлін атқаратын SEI қабатының түзілуімен байланысты болады. Бұл өсімнің мөлшері ион тасымалдаушы орта мен түзілген қабаттың сапасын және құрылымын айқындайды. 1 M LiDFOB ПК:ДМЭ-да + 15 % ДОЛ электролитімен жиналған ұяшықтардың кедергісінің ең үлкен жоғарылауы байқалады. Бұл тығыз LiF және оксалат қосылыстарына бай SEI қабатының түзілуін көрсетеді. Мұндай құрылымды қабат иондық өткізгіштігі төмен, бірақ жағымсыз реакциялардың алдын алу үшін литий бетінің жақсы пассивациясын қамтамасыз етеді. Бұл ұзақ мерзімді тұрақтылыққа жағымды әсер етуі мүмкін, бірақ сонымен бірге бастапқы циклдарда зарядты тасымалдау кинетикасын баяулатады. DFOB⁻ және TFSI⁻ аниондарының ыдырау, сондай-ақ ДОЛ қоспасының полимерлену механизмдері 3.1.1 – бөлімде қарастырылған.

1 M LiDFOB ПК:ДМЭ-да электролиті бар үлгілердің кедергісі айтарлықтай жоғарылауын көрсетті, бірақ аз дәрежеде. Бұл неғұрлым қалыпты кедергі қасиеттері бар SEI түзілуін көрсетеді. ДОЛ қоспасының болмауы қабаттың полимерлену дәрежесін немесе кеңістіктік құрылымдылығын төмендетеді, бұл оны тығыз емес, бірақ иондарды өткізгіштігін арттырады.

LiTFSI негізіндегі электролиттер, керісінше, қалыптастыру процесінен кейін кедергінің қалыпты төмендеуін көрсетеді. Бұл иондық өткізгіштігі жоғарырақ, құрамында LiF және фтор-күкіртті қосылыстары бар тығыздығы төменірек SEI қабатының түзілуін көрсетеді. Бұл әсіресе 1 M LiTFSI ПК:ДМЭ-да электролиті бар ұяшықта ең аз мөлшердегі кедергі байқалады. Бұл Li⁺ иондарының жылдам кинетикасына қамтамасыз ететін, икемді, жұқа және жоғары ион өткізгішті SEI қабатының түзілуін дәлелдейді.

Осылайша, LiTFSI негізіндегі электролит қалыптастыру процесінен кейін кедергінің орташа төмендеуі тұрақтылық пен иондық өткізгіштік арасындағы тепе-теңдіктің белгісі болып табылады. Ал LiDFOB тұзы мен ДОЛ қоспасы сияқты кедергінің шамадан тыс жоғарылауы бастапқы кинетиканы шектейді. Бірақ ұзақ мерзімді циклдеу кезінде электролиттің ыдырауынан қорғауды қамтамасыз етеді.

Алынған нәтижелер келесі тұжырымдамаларды растайды:


- SEI қабаты ұяшықтардың кедергі сипаттамаларын анықтауда шешуші рөл атқарады;
- литий элементтерінің тұрақты және тиімді жұмысына қол жеткізу үшін қолданылған электролит құрамы өте маңызды рөл атқарады.

Li-V₂O₅/CF_x жүйесі үшін импеданстық зерттеулердің негізінде ең перспективті электролит құрамы деп келе 1 M LiTFSI ПК:ДМЭ-да + 15 % ДОЛ деп алынды. Осы электролит фазааралық кедергісімен және одан әрі пайдалану

үшін ықтимал қолайлы SEI құрылымымен сипатталады. Қоспасыз, LiTFSI ПК:ДМЭ-да литий анодымен әлсіз үйлесімділікті көрсететіні анықталды. Бұл фторидтер мен газ тәрізді өнімдерге бейім CF_x болуына байланысты.

3.2.2 Электрхимиялық ұяшықтардың қалыптастыру процедурасының разрядтық сипаттамаларына әсері

Қалыптастыру процедурасының Li–V₂O₅/CF_x негізіндегі ұяшықтарының жұмысына әсерін бағалау үшін ұяшықтардың қалыптастыру процедурасына дейін және кейін разрядтық профильдері 22 суретте салыстырылды.



Сурет 22 – Қалыптастыру процесіне дейін (а) және кейін (б) алынған разрядтық қисықтар

Қалыптастыру процедурасы электрод пен электролит арасындағы фазааралық SEI қабатының түзілуі жүретін негізгі кезең болып табылады.


Қалыптастыру процесіне дейін разряд қисықтары барлық жағдайларда төмен тұрақтылығымен сипатталды. Разрядтық қисықтарда ауытқулар, негізгі плато аймағында кернеудің ауытқуы және сыйымдылықтың өзгеруі байқалды. Себебі литий анодының электролитпен жанасуының бастапқы кезеңінде тұрақты SEI қабаты әлі түзілмеді және осы беттік қабатта қарқынды түрде жанама процестер жүріп жатады. Бұл процестерге еріткіштердің тотықсыздануы, тұздардың ыдырауы, газ тәрізді және қатты өнімдердің түзілуі жатады. Бұл реакциялар біркелкі емес поляризацияға және бастапқы циклдеудегі электрохимиялық ұяшықтардың тұрақсыздығына әкеледі.

Берілген фазадағы электролиттің құрамы да айтарлықтай әсер етеді. Мысалы, ДОЛ қатысуымен біршама жоғары разряд сыйымдылығы байқалады, бұл оның өзіндік полимерлену арқылы анод бетін тұрақтандыру ерекшелігіне байланысты болады. Қалыптастыру процесіне дейін ең жақсы профиль 15% ДОЛ қоспасы бар LiTFSI негізіндегі электролиті бар ұяшықтар көрсетеді. 1-3 $\text{mA}\cdot\text{сағ}/\text{см}^2$ аумағында кернеу 2,20 – 2,25 В құрайды, ал 6,0 $\text{mA}\cdot\text{сағ}/\text{см}^2 \approx 1,80$ В деңгейінде сақталады. Қоспасыз LiDFOB ертерек құлдыраумен және разрядтың соңында минималды кернеумен сипатталады (1,60 В 6,0 $\text{mA}\cdot\text{сағ}/\text{см}^2$), бұл поляризацияның жоғарылауын көрсетеді.

Қалыптастыру кезеңінен кейін жүйелер арасындағы айырмашылықтар айқынырақ болады. Барлық ұсынылған ұяшықтар тегістелген және тұрақтандырылған разряд қисықтарымен сипатталады, айқын разряд платосы мен поляризация деңгейі төмендейді. Бұл иондық өткізгіштігі жоғары және жағымсыз реакциялардың алдын алуға қабілетті тұрақты фазааралық қабаттың қалыптасуын көрсетеді. 1 М LiTFSI ПК:ДМЭ-да + 15% ДОЛ электролитімен жиналған ұяшықтар негізгі платодағы ең жоғары жұмыс кернеуін 6,0 $\text{mA}\cdot\text{сағ}/\text{см}^2$ кезінде 1,80 – 1,82 В қамтамасыз етеді. Ал 1 М LiDFOB ПК:ДМЭ-да + 15% ДОЛ тегіс профильді және потенциалдың 1,80 – 1,85 В-қа дейін біркелкі төмендеуін сақтайды.

Электрохимиялық қасиеттерді зерттеуде сыйымдылықты ұсынудың екі тәсілі қолданылды: беттік (22-сурет) және меншікті (23-сурет).


23 суреттегі графиктер қалыптастыру процесі поляризация дәрежесіне және сыйымдылыққа оң әсер ететінін дәлелдейді. 1 М LiTFSI ПК:ДМЭ-да + 15% ДОЛ құрамды электролиті бар ұяшық қалыптастыру процедурасынан кейін меншікті сыйымдылығы 500 $\text{mA}\cdot\text{сағ}/\text{г}$ -нан жоғары, минималды поляризациясы бар тегіс және тұрақты разрядтық платоны көрсетеді. Сыйымдылық мәні қарапайым және гибридті жүйелерге тән мәндерден едәуір асып түседі.



Сурет 23 – Қалыптастыру кезеңіне дейін (а) және кейін (б) өлшенген разрядтық қисықтар

Сонымен қатар, электродтық процестердің тұрақтылығы циклдік вольтамперометрия нәтижелерімен расталады. 24-суретте әртүрлі катодтары мен салыстыру үшін литий электроды бар үш электродты элементтердің вольтамперограммалары бейнеленген. Өлшеулер 1 М LiDFOB PK:DMЭ-да электролитінде және 1,6 – 3,4 В кернеу диапазонында, 0,01 мВ/с жылдамдықпен жүргізілді. V_2O_5 белсенді материалы бар электрод үшін 24 (в) суреттегі қисық

V_2O_5 -нің литирлену процесінде жүретін фазалық ауысуларға ($V^{5+} - V^{4+} - V^{3+}$) сәйкес келетін айқын максимумдар сериясын көрсетті.



Сурет 24 – Литий металына қарсы үш электродты ұяшықта түсірілген электродтардың вольтамперограммалары (а) – V_2O_5/CF_x , (б) – CF_x , (в) – V_2O_5

Литийдің оксид құрылымына сатылы интеркаляциясы мен деинтеркаляциясы:



24 (б) суреттен көріп отырғанадай, CF_x негізіндегі электрод үшін негізгі электрохимиялық реакциялар 1,8 – 2,6 В потенциалдар диапазонында өтеді. Олар C-F байланыстарының тотықсыздануымен, яғни LiF түзілуімен байланысты болады:



24 (а) суреттегі V_2O_5 және CF_x қоспасының негізіндегі электродқа арналған катод қисығы гибриді катодтың біріктірілген жұмыс механизмін растайды. Компоненттердің әрқайсысына тән барлық максимумдар айқындалды.

Келтірілген вольтамперограммалар 1 М LITFSI ПК:ДМЭ-да электролит жүйесі үшін алынған. Байқалатын тәуелділіктердің сипатына V_2O_5 электродының құрылымына литийдің сатылы интеркаляциясы, CF_x тотықсыздануы, гибриді катодтағы аралас процестер жатады. Барлық аталған реакциялар типтік болып келеді, сондықтан зерттелетін барлық электролит құрамында кездеседі. Электролиттер арасындағы айырмашылықтар қалыптастыру процесінен кейінгі импеданс диаграммаларының және разряд қисықтарының нәтижелеріне сәйкес келетін шындардың поляризациясы мен симметрия дәрежесінде көрініс табады.

Қалыптастыру процедурасына дейінгі және кейінгі нәтижелерді салыстыру маңызды қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бастапқы 3 цикл кезеңдері электрод интерфейсін тұрақтандыруда шешуші рөл атқарады, ал электролит компоненттерін таңдау, әсіресе тұз бен функционалды қоспалардың болуы – түзілетін фазааралық қабаттың тиімділігі мен қасиеттеріне тікелей әсер етеді. Осылайша, электролитті таңдаумен бірге қалыптастыру процесін оңтайландыру элементтердің электрохимиялық тиімділігін едәуір арттыруға және одан әрі пайдалану кезінде болжамды тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.


3.3 Импеданс спектроскопия әдісімен электролиттердің иондық өткізгіштігін зерттеу

Электролиттердің иондық өткізгіштігі әртүрлі температуралық жағдайларда импеданс спектроскопиясы әдісімен өлшенді. Ол үшін электролиттердің әрқайсысымен CR2032 форматындағы макеттік үлгілер элементтері жиналды.

Зерттеу нәтижелері әртүрлі электролиттердегі литий иондарының өткізгіштігі олардың құрамына тікелей байланысты екенін көрсетті, мысалы, қос тұз бен функционалды қоспалардың болуы сияқты.

Сонымен қатар, температура өзгерген кезде өткізгіштік көрсеткіштерінде айтарлықтай айырмашылықтар болады. 25-суретте әртүрлі еріткіш қоспаларында ерітілген $LiDFOB$, $LiClO_4$ және $LiPF_6$ тұздарына негізделген электролиттердің иондық өткізгіштіктерін өлшеу нәтижелері келтірілген.

Ұсынылған мәліметтерден көріп отырғанымыздай, барлық электролиттердің иондық өткізгіштігі температураның жоғарылауымен артады. Өткізгіштіктің максималды мәндеріне 60 °C-та қол жеткізіледі, мұнда ең өткізгіш жүйелер үшін көрсеткіштер 13 мСм/см, 30 °C-та – 12 мСм/см диапазонында, ал – 20 °C-та мәндер 4 мСм/см-ден аспайды.



Сурет 25 – Әртүрлі температурадағы электролиттердің ион өткізгіштіктері:

- 1 - 1 M LiDFOB ФЭК:ДМЭ-да (3:7)
- 2 - 1 M LiClO₄ ФЭК:ДМЭ-да (3:7)
- 3 - 1 M LiPF₆ ФЭК:ДМЭ-да (3:7)
- 4 - 0,4 M LiDFOB + 0,6 M LiBF₄ ПК:ДМЭ-да (3:7)
- 5 - 1 M LiDFOB ПК:ДМЭ-да (3:7)
- 6 - 1 M LiDFOB ПК:ДМЭ-да (3:7) +3% ФЭК + 1% LiNO₃
- 7 - 1 M LiDFOB ПК:ДМЭ:ЭА-да (3:7:3) +3% LiNO₃ + 5% ФЭК

Барлық температураларда ең жоғары иондық өткізгіштік мәндерін 1 M LiDFOB ФЭК:ДМЭ-да (3:7) электролиті көрсетті. Бұл DFOB⁻ анионының жоғары қозғалғыштығымен және Li⁺ иондарымен тұрақты кешендер түзу қабілетімен түсіндіріледі. Мұндай өзара әрекеттесу иондардың тасымалдануы үшін белсендіру энергиясының төмендеуін қамтамасыз етіп, электролиттің кең температуралық диапазонда тұрақтылығын арттырады. ФЭК:ДМЭ еріткіштердің қоспасындағы LiPF₆ негізіндегі электролиттер де барлық температуралық

режимдерде жоғары өткізгіштік көрсеткенімен, олардың мәндері LiDFOB негізіндегі электролиттерге қарағанда сәл төмен болды. Бұл нәтижелер құрамында фтор бар еріткіш молекулаларының, әсіресе ФЭК-тың тұзбен ерекше өзара әрекеттесу қабілетін растайды [158, 92 бет].

0,4 M LiDFOB + 0,6 M LiBF₄ ПК:ДМЭ-да қос тұзды электролитті қолдану өткізгіштіктің 30 °C температурада шамалы төмендеуіне әкеледі (~8 мСм/см дейін), бірақ төмен температурада тұрақты электролиттің тұрақтылығын және литий анодымен өзара үйлесімділігін жақсартады.

Сонымен қатар, LiBF₄ тұзы өзінің жоғары термиялық тұрақтылығымен және гидролизге төзімділігімен ерекшеленеді. Бұл мұндай жүйелерді ұзақ мерзімді пайдалану үшін перспективті етеді. Қазіргі зерттеулерде LiBF₄ тұзы жоғары кернеулі аккумуляторларға арналған жоғары концентрациялы электролиттердің құрамдас бөлігі ретінде қолданылады, өйткені ол сыйымдылық пен циклдік тұрақтылықты жақсартуға үлес қосады, әсіресе төмен температура жағдайында. Осы электролиттердің төмен температурадағы иондық өткізгіштігі литий-ионды аккумуляторларда қолдануға қанағаттанарлық деңгейде сақталады.

ПК:ДМЭ:ЭА (3:7:3) қоспасында LiNO₃ және ФЭК қоспалары бар электролиттер иондық өткізгіштіктің салыстырмалы түрде төмен мәндерін көрсетті. 30 °C температурада шамамен 10 мСм/см және -20 °C температурада 3 мСм/см. Бұл органикалық еріткіштердегі LiNO₃ қоспасының ерігіштігінің шектелуіне және ортаның тұтқырлығының жоғарылауына байланысты. Электролиттің төмен температуралық қасиеттерін арттыру мақсатында ЭА еріткіш қоспасына енгізілді. Дегенмен 3% LiNO₃-тің болуы -20 °C-та өткізгіштіктің 3,6 мСм/см-ге дейін төмендеуіне әкелді. Осылайша, LiNO₃ және ФЭК қоспалары бар электролиттер стандартты климаттық жағдайларда ғана қанағаттанарлық иондық өткізгіштікті қамтамасыз етеді. Дегенмен, жүйелер бөлме температурасында мұндай жүйелер тұрақты және жеткілікті өткізгіштік сипаттамаларын сақтайды.

60 °C температурада келесі электролиттерде 1 M LiDFOB ПК:ДМЭ-да (3:7), 1 M LiDFOB ПК:ДМЭ-да (3:7) +3% ФЭК + 1% LiNO₃; және 1 M LiDFOB ПК:ДМЭ:ЭА-да (3:7:3) +3% LiNO₃ + 5% ФЭК иондық өткізгіштіктің төмендеуі байқалады. Бұл құбылыс электролиттің көлемдік қасиеттерінің температураға тәуелді өзгеруімен түсіндіріледі. Аталған құрамдарда, әсіресе қос тұзды жүйелерде және LiNO₃, ФЭК сияқты қоспалары бар электролиттерде температура өскен сайын сольватациялық қабықшаның қайта ұйымдасуы және ион–ион өзара әрекеттесулерінің күшеюі, яғни иондық ассоциацияның артуы орын алуы мүмкін. Нәтижесінде еркін тасымалданатын Li⁺ иондарының үлесі төмендеп, иондық қозғалғыштық азаяды, бұл өткізгіштіктің салыстырмалы түрде төмендеуіне әкеледі. Осылайша, 60 °C температурада өткізгіштіктің төмендеуі электролиттің құрылымдық-сольватациялық тепе-теңдігінің

өзгеруімен байланысты заңдылық ретінде қарастырылады және қоспалар мен тұздардың табиғатына тәуелді әсерлерді көрсетеді.

Жүргізілген зерттеулер LiDFOB тұзының ФЭК:ДМЭ-да еріткішіндегі электролиттер үшін иондық өткізгіштіктің ең жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізілгенін растады. Жоғары термиялық тұрақтылық пен жақсартылған төмен температуралық қасиеттерді оларды литий химиялық тоқ көздерінде, соның ішінде анодсыз конфигурацияларда қолдану үшін тиімсіз етеді.

Меншікті өткізгіштікті (σ) есептеу үшін (25) формулаға сәйкес Найквист диаграммасында импеданс қисығының X осімен қиылысу нүктесі қолданылды:

$$\sigma = \frac{l}{R \cdot S} \quad (25)$$

мұндағы,

σ -меншікті өткізгіштік, мСм/см;

l-сепараторлар арасындағы қашықтық, см;

R-графиктен алынған кедергі, Ом;


S-көлденең қиманың ауданы, см².

(25) теңдеуде келтірілген R шамасы электролиттің көлемдік омдық кедергісін (R_s) білдіреді. Бұл мән импеданстық спектрдің жоғары жиілікті аймағында Найквист диаграммасындағы қисықтың нақты осьпен ($\text{Re}(Z)$) қиылысу нүктесі бойынша анықталды. Электродсыз ұяшықта (иондық өткізгіштікті анықтауға арналған симметриялық ұяшық) фазааралық процестер болмағандықтан, импеданстық жауап негізінен көлемдік кедергіден және төмен жиілікті аймақта байқалатын электродтық поляризациядан тұрады, әртүрлі температуралық режимдерде алынған импеданс диаграммалары Γ қосымшасында келтірілген. Сондықтан X осімен қиылысу нүктесі электролиттің омдық кедергісіне сәйкес қабылданды. Осы есептеулердің әр түрлі температуралық режимдерде жоғары және тұрақты иондық өткізгіштікті қамтамасыз ететін электролиттердің ЛИА-да қолдану үшін оңтайлы құрамдарын таңдауға мүмкіндік берді.

Әртүрлі температуралық жағдайларда келесі электролиттердің иондық өткізгіштігі ЭИС әдісімен жүргізілді: 1 M LiDFOB ПК:ДМЭ-да (3:7) + 15% ДОЛ; 1 M LiDFOB ПК:ДМЭ-да (3:7); 1 M LiTFSI ПК:ДМЭ-да (3:7) + 15% ДОЛ; 1 M LiTFSI ПК:ДМЭ-да (3:7). 26-суретте электролиттердің иондық өткізгіштігін өлшеу нәтижелері көрсетілген.

Бұл электролит құрамдарының иондық өткізгіштік мәндері алдыңғы құрамдарға қарағанда жоғары, бұл ПК:ДМЭ еріткіш қоспасының қасиеттеріне байланысты. ПК еріткіші тұздың тиімді диссоциациялануын қамтамасыз етеді, ал ДМЭ еріткішінің төмен тұтқырлығы иондардың еркін қозғалысына ықпал етеді. Нәтижесінде иондардың жоғары диссоциациясы мен қозғалғыштығының оңтайлы үйлесімі қалыптасып, электролиттердің өткізгіштігі жоғарылайды.

Зерттеу нәтижелері бойынша иондық өткізгіштіктің ең максималды мәндері электролиттердің барлық құрамдарда 60 °С температурада қол жеткізілетіні анықталды, ал -20 °С температурада өткізгіштік мәндері 5 – 6 мСм/см аралығында өзгереді. Иондық өткізгіштіктің максималды мәндері 1 М LiTFSI ПК:ДМЭ-да электролитінде тіркелді: -20 °С температурада 5,7 мСм/см, 30 °С – 13,1 мСм/см, 60 °С -15,8 мСм/см. Бұл TFSI-анионының үлкен мөлшері мен үлестірілген зарядының ерекшеліктеріне байланысты. Соның арқасында ол Li⁺ иондарымен иондық жұп түзуге бейімділігін төмендетеді және бос заряд тасымалдаушылардың санын көбейтеді. Сонымен қатар, 15% ДОЛ қоспасының қосылуы өткізгіштіктің біршама төмендеуіне әкеледі. Бұл ерітіндінің тиімді диэлектрлік өткізгіштігінің төмендеуімен, литий тұзының ерігіштігінің төмендеуімен және ДОЛ қоспасының ішінара полимерленуі нәтижесінде ортаның микро тұтқырлығының артуымен түсіндіріледі. Өткізгіштіктің біршама төмендеуіне қарамастан, ДОЛ қоспасы литий анодындағы серпімді қорғаныс фазааралық қабаттың түзілуіне оң әсер етеді. Түзілетін қабат фазааралық кедергіні төмендетеді және жоғары тоқтарда және ұзақ циклдеу процесінде ұяшықтардың тұрақтылығын арттырады. Бұл алдыңғы зерттеулерде анықталды.



Сурет 26 – Өртүрлі температурадағы электролиттердің ион өткізгіштіктері:

1 - 1 М LiDFOB ПК:ДМЭ-да (3:7) + 15% ДОЛ

2 - 1 М LiTFSI ПК:ДМЭ-да (3:7) + 15% ДОЛ

3 - 1 М LiDFOB ПК:ДМЭ-да (3:7)

4 - 1 М LiTFSI ПК:ДМЭ-да (3:7)


3.4 Cu-NMC₁₁₁ негізіндегі анодсыз жүйесіндегі электролиттерді зерттеу

Электролиттердің иондық өткізгіштігі бойынша алынған нәтижелер олардың анодсыз литий-ионды аккумуляторларда қолдану мүмкіндігін бағалау үшін зерттеулердің негізін қалады. Модельдік жүйе ретінде Cu-NMC₁₁₁ негізіндегі CR2032 форматындағы элементтер таңдалды. Мұнда Cu тоқөткізгіші анод ретінде, ал катод - LiNi_{1/3}Mn_{1/3}Co_{1/3}O₂ (NMC₁₁₁) литийтің өтпелі металл оксиді болды. Әр электролит үшін 3 электрохимиялық ұяшықтар жиналды және олардың параметрлері В қосымшасында көрсетілген.


Электрохимиялық зерттеулер үшін алдыңғы бөлімдегі электролиттер қолданылды:

1. 1 M LiDFOB ФЭК:ДМЭ-да (3:7);
2. 1 M LiClO₄ ФЭК:ДМЭ-да (3:7);
3. 1 M LiPF₆ ФЭК:ДМЭ-да (3:7);
4. 0,4 M LiDFOB + 0,6 M LiBF₄ ПК:ДМЭ-да (3:7);
5. 1 M LiDFOB ПК:ДМЭ-да (3:7);
6. 1 M LiDFOB ПК:ДМЭ-да (3:7) +3% ФЭК + 1% LiNO₃;
7. 1 M LiDFOB ПК:ДМЭ:ЭА (3:7:3) +3% LiNO₃ + 5% ФЭК

27 суретте жоғарыда көрсетілген электролиттік жүйелермен екі температуралық режимде жиналған электрохимиялық ұяшықтардың бастапқы циклдерінің заряд қисықтары көрсетілген: 30 °С (а) және 60 °С (б).



Сурет 27 – Әртүрлі электролиттері бар ұяшықтардың заряд қисықтары, температуралық режим: а) 30 °С; б) 60 °С, 1 бет



Сурет 27, 2 бет


Электрохимиялық зерттеулер гальваностатикалық разряд режимінде жүргізілді. Электролит құрамының разряд сыйымдылығы мен элементтердің тұрақтылығына әсері анықталды. Анодсыз элементтерде заряд үрдісі дәстүрлі литий ионды элементтерге қарағанда ерекшеленеді, себебі жүйеде литий металы болмайды. Алғашқы заряд кезінде литий иондары оң электродтан мыс тоқөткізгіш бетіне тұндырылады. Осыған байланысты анодсыз элементтерде электролит тек ион тасымалдаушы рөлін ғана емес, сонымен қатар литий иондарының бірқалыпты тұнуын қамтамасыз ететін және электрод-электролит интерфейсінің түзілу процестерін де сипаттайды.

30 °С температуралық режимде заряд процесінің басында кернеу күрт өсіп 3,7-3,9 В дейін, ал меншікті сыйымдылықтың шамалы артуы 0-10 МА·сағ/г байқалды. Бұл құбылыс мыс тоқөткізгіш беті мен электролит арасындағы қос электр қабатының зарядталуымен, электролиттің тотықсыздану (ыдырау) реакцияларымен және алғашқы қабатының түзілуімен байланысты. Бұл кезеңде тоқтың едәуір бөлігі интерфейстің қалыптасуына жұмсалады. Сыйымдылықтың орташа аймағында 120 МА·сағ/г-ға дейін зарядтау кернеуі салыстырмалы түрде тұрақтанып, қабатының түзілгеннен кейін литийдің мыс бетіне бірқалыпты тұнуы басталды. Бұл аймақтағы кернеу мәні электролит құрамына, қабатының құрылымы мен иондық өткізгішдігіне тәуелді. Бірдей ток пен бірдей сыйымдылық жағдайында заряд кернеуінің төмен болуы жүйедегі поляризацияның аз екенін және электрод-электролит интерфейсінің қолайлы қалыптасқанын көрсетеді. Зарядтаудың соңғы кезеңінде 120-180 МА·сағ/г кернеудің біртіндеп артуы байқалып, оның мәні 4,1- 4,3 В деңгейіне жетеді. Бұл құбылыс SEI қабатының өсуімен, фазааралық кедергінің өсуімен және литий иондардың кинетикасының шектелуімен түсіндіріледі.


Температура 60 °С дейін арттырғанда зарядтау кернеу мәні төмендейді және қисықтардың бір-біріне жақындауы байқалады. Жоғары температура жағдайында электролиттердің иондық өткізгіштігі артып, тұтқырлығы төмендейтіндіктен литий иондарының тасымалдануы жеңілдейді және фазааралық кинетикалық шектеулер әлсірейді. Орташа сыйымдылық аймағында заряд кернеуі 3,7-3,8 В шамасында сақталады, ал соңғы бөлікте кернеудің өсуі 4,0-4,3 В аралығында байқалады. Иондық өткізгіштіктің артуы және кинетикалық шектеулердің әлсіреуі нәтижесінде поляризацияның төмендеуін көрсетеді.

Осылайша, зарядтау кернеуінің бірдей сыйымдылық жағдайында төмен болуы жүйедегі поляризацияның аз екенін білдіреді, ал электролит құрамының өзгеруі анодсыз элементтерде литийдің тұну процесі мен SEI қабатының қасиеттеріне тікелей байланысты.

28 (а) суретте көрсетілгендей, 30 °С температурада ең жоғары разряд сыйымдылығы 182 мА·сағ/г және жоғары кулондық тиімділік (95-96 %) (29-сурет) 3:7 көлемдік қатынаста алынған ФЭК:ДМЭ еріткіштерінің қоспасында LiDFOB және LiPF₆ тұздарына негізделген электролиттері бар элементтерді көрсетті.




Сурет 28 – Әртүрлі электролиттері бар ұяшықтардың разряд қисықтары, температуралық режим: а) 30 °С; б) 60 °С, 1 бет




Сурет 28, 2 бет

Температура 60 °С-қа дейін көтерілгенде (28-сурет (б)), барлық зерттелетін электролиттер жақсартылған электрохимиялық сипаттамаларды және разрядтық сыйымдылығының айқын, іс жүзінде бірдей мәндерін көрсетті.



Сурет 29 – Әр түрлі температурада Cu-NMC₁₁₁ негізіндегі анодсыз ұяшықтардың Кулондық тиімділігі мен сыйымдылығы а) 30 °С; б) 60 °С, 1 бет



Сурет 29, 2 бет

Шамамен 170 $\text{mA} \cdot \text{сағ/г}$ меншікті разряд сыйымдылығының ең жоғары мәні ФЭК:ДМЭ қоспасындағы LiDFOB электролитінде байқалады. Бұл нәтиже фторланған ФЭК еріткішінің әсерінен катод бетінде түзілетін SEI қабатының жоғары термиялық тұрақтылығын және сенімді қорғаныс қасиеттерін дәлелдейді.

Біршама төмен көрсеткіштер 1 M LiPF₆ ФЭК:ДМЭ-да электролитінде байқалды. Бұл жоғары температурада әртүрлі литий тұздарымен түзілетін фазааралық қабатының құрылымындағы айырмашылықтарға байланысты болуы мүмкін. ФЭК және LiNO₃ қоспалары бар электролиттерде және ПК:ДМЭ (3:7) еріткіштер қоспасындағы LiDFOB және LiBF₄ қос тұзды электролиттерде разрядтық сыйымдылықтар шамамен 150-160 $\text{mA} \cdot \text{сағ/г}$ деңгейінде болды. Бұл қоспалардың тұрақтандырушы әсерін және оларды кең температура диапазонында жұмыс істейтін литий-ионды элементтерде қолданудың орынды екенін растайды.

29-суреттегі кулондық тиімділік электрохимиялық ұяшықтардың разрядтық сипаттамаларын растайды. Кулондық тиімділік мәндері 100 цикл барысында белгілі тербелістерге ие болады. Бұл поляризация процестерімен және циклдеу кезінде жүретін жанама химиялық реакциялармен түсіндіріледі.

Ең жоғары және тұрақты кулондық тиімділік мәндері ФЭК:ДМЭ (3:7) және ПК:ДМЭ (3:7) еріткіштер қоспасындағы LiDFOB тұзы негізіндегі электролиттермен жиналған ұяшықтарда байқалды. Кулондық тиімділіктің төмен мәндері берілген электролитпен түзілетін жеткіліксіз тұрақты фазааралық


кабатымен байланысты болады. Сонымен қатар, бұл электродтардың бетіндегі жағымсыз реакцияларды тудырады және белсенді материалдың мерзімінен бұрын тұтынылуына әкеледі. Фторланған ФЭК еріткішінің, қос тұзды электролиттердің болуы SEI қабатының тұрақтылығын айтарлықтай жақсартады, жанама реакциялардың қарқындылығын төмендетеді. Бұл разрядтық сыйымдылықтың жоғарылауынан және элементтердің циклдеу сипаттамаларының жақсаруынан анық көрінеді [162].

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде меншікті сыйымдылық, циклдік тұрақтылық және тұрақты SEI қабатын қалыптастыру қабілеті бойынша оңтайлы электролиттер – ФЭК:ДМЭ еріткіштер қоспасындағы LiDFOB және LiPF₆ тұздарына негізделген жүйелер екендігі анықталды [163], [164]. Сондай-ақ, әртүрлі температуралық жағдайларда электрохимиялық ұяшықтардың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында ФЭК және LiNO₃ қоспалары, сондай-ақ LiDFOB + LiBF₄ қос тұздары бар электролиттердің қолданылуы тиімді екені дәлелденді.

Осылайша, алынған нәтижелер кең температуралық диапазонда анодсыз литий-ионды элементтердің тұрақтылығы мен жоғары сыйымдылығын қамтамасыз ету үшін электролиттік жүйелерді оңтайландырудың маңыздылығын дәлелдейді.

3.5 Li-CF_x жүйесіндегі электролиттерді зерттеу


Біріншілік химиялық тоқ көзі ретінде Li-CF_x негізіндегі жүйе таңдалды. Электролит құрамының заряд тасымалдау процестерінің кинетикасына және Li-CF_x негізіндегі біріншілік элементтердегі диффузиялық процестерге әсерін бағалау мақсатында электрохимиялық импеданс спектроскопиясы арқылы бірқатар өлшеулер жүргізілді. Әр электролит үшін 3 электрохимиялық ұяшықтар жиналды және олардың параметрлері Б қосымшасында көрсетілген. Алайда, электрохимиялық зерттеулерді бастамас бұрын, дайындалған оң электродтардың (катодтар) сапасын растау зерттеудің маңызды кезеңі болып табылады. Белсенді қабаттың бастапқы морфологиясы электролитпен өзара әрекеттесу тиімділігіне және фазааралық қабаттың қалыптасуына тікелей әсер етеді. 30 суретте белсенді материалды жағу және кептіру сатыларынан кейін CF_x негізіндегі катод беттерінің СЭМ суреттері көрсетілген.



Сурет 30 – CF_x негізіндегі катод бетінің СЭМ суреттері: 20 мкм масштабта; 10 мкм масштабтағы құрылымның үлкейтілген фрагменті

20 мкм масштабтағы микробейне (30 сурет) белсенді материалдың тоқөткізгіш негізге көрінетін жарықтарсыз, агломерация мен ақауларсыз біркелкі таралуын көрсетеді. Мұндай біркелкі жабынды электролиттің электрод материалының кеуектеріне еркін және біркелкі енуіне жағдай жасайды, әсіресе ДМЭ сияқты тұтқырлығы төмен еріткіштерді қолданылғанда. 1 мкм масштабына дейін үлкейтілген суретте тығыз орналасқан CF_x бөлшектері мен өткізгіш қоспалардан құралған микрокеуекті құрылым байқалды. Мұндай морфология электролитпен қажетті байланыс аймағын қамтамасыз етеді, Li^+ иондарының тиімді тасымалдануына және тұрақты фазааралық қабаттың қалыптасуына ықпал етеді. Мұндай құрылым төмен температуралы жағдайларда және электролит құрамына әртүрлі функционалды қоспалар енгізілген кезде аса маңызды.

Электролит құрамының әсерінен электрохимиялық ұяшықтардың жұмысындағы айырмашылықтарды анықтау мақсатымен импеданстық спектроскопиялық зерттеу жүргізілді. 31-суретте қалыптастыру процедурасынан кейін $Li-CF_x$ элементтерінің Найквист диаграммалары көрсетілген.



Сурет 31 – Li-CF_x негізіндегі біріншілік элементтердің импеданстық сипаттамалары

Алдымен элементтер 2,5 В кернеуге дейін бастапқы разрядқа ұшыратылды, содан кейін жүйенің тұрақтануы үшін 12 сағат бойы ұяшықтардың тынығу кезеңі болды. Зерттеуде ПК:ДМЭ (3:7) еріткіштер қоспасында ерітілген LiDFOB және LiTFSI тұздарына негізделген электролиттердің төрт құрамы таңдалды, олардың әрқайсысы 15% ДОЛ циклдік эфирі қосылған және қосылмаған нұсқалар түрінде қарастырылды.

Алынған импеданстық деректерді талдау Найквист қисықтарындағы үш негізгі элементті анықтауға мүмкіндік берді:

- жоғары жиілікті аймақ - литий анодындағы қатты фазааралық шекара кедергісін сипаттайтын R_{SEI} жартылай шеңбері;
- орташа жиілікті аймақ - электрод/электролит бетіндегі зарядты беру кедергісіне сәйкес келетін R_{ct} жартылай шеңбері;
- төмен жиілікті аймақ – CF_x катод материалының кеуекті құрылымдарындағы литий иондарының диффузиялық процестерін сипаттайтын Варбург типті элемент.

Зерттелген жүйелердің нәтижелерін талдай отырып, бірнеше маңызды ерекшеліктерді бөліп көрсетуге болады. Электролит құрамына 15 % ДОЛ қосу екі тұз жүйесі үшін де кедергінің төмендеуіне және жалпы импеданстық көрсеткіштердің жақсаруына әкеледі, импеданстық спектроскопия деректерінің мәндері Б қосымшасында келтірілген. ДОЛ қоспасының қатысуымен $R_{SEI} + R_{ct}$ кедергілері айтарлықтай төмендейді. Мысалы, ПК:ДМЭ еріткіштер жүйесіндегі 1 М LiDFOB электролиті үшін ДОЛ қоспасы $R_s + R_{SEI} + R_{ct}$ мәнін шамамен 108 Ом-нан 97 Ом-ға дейін төмендетті. Ұқсас әсер LiTFSI тұзы негізіндегі электролит жағдайында да байқалады: мұнда ДОЛ қоспасы $R_s + R_{SEI} + R_{ct}$ мәнін шамамен 78 Ом-нан 65 Ом-ға дейін азайтты. Мұндай әсер анод бетіндегі ДОЛ циклдік эфирінің полимерленуі нәтижесінде серпімді, біртекті және ионөткізгіштігі жоғары SEI қабатының түзілуімен түсіндіріледі.

LiTFSI тұзының негізіндегі электролит LiDFOB негізіндегі электролиттермен салыстырғанда $R_{SEI} + R_{ct}$ кедергісінің төмен мәндерімен сипатталады. 1 М LiTFSI ПК:ДМЭ-да + 15% ДОЛ электролиті ең төменгі мәндерді көрсетті $\approx 16\%$. Бұл TFSI⁻ анионының жоғары химиялық тұрақтылығымен байланысты. Оның ыдырауы литий анодының бетінде негізінен бейорганикалық компоненттерден тұратын тұрақты әрі жұқа SEI қабатының түзілуіне әкеледі. LiDFOB жағдайында қалың және төмен өткізгіш бор-органикалық SEI қабаты түзіледі, бұл интерфейстегі зарядтың берілу кедергісін арттырады.


Диаграммалардағы төмен жиілікті аймағын (сызықтық құйрық) талдау ДОЛ қоспасы элементтердің диффузиялық қасиеттерін де жақсартатынын көрсетті. Бұл әсер электролит тұтқырлығының төмендеуімен және CF_x катодының белсенді материалының сулануының артуымен түсіндіріледі. Сондай-ақ белсенді материалының кеуекті құрылымы Li^+ иондарының оңай диффузиясымен байланысты болады.

Осылайша, импеданстық спектроскопия нәтижелері Li- CF_x негізіндегі жоғары тиімді біріншілік элементтер үшін оңтайлы электролит құрамы - 1 М LiTFSI ПК:ДМЭ-да + 15% ДОЛ екенін көрсетті. Бұл композиция ең төменгі фазааралық кедергіні, зарядты тасымалдау процестерінің жоғары кинетикасын және элементтердің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

-20 °C температурада разрядтық сипаттамалар

32-суретте -20 °C температурада келесі электролит құрамдарымен жиналған Li-CF_x негізіндегі ұяшықтардың разрядтық қисықтары көрсетілген. Төмен температуралық режимде электролиттердің 6 құрамы зерттелді:

1. 1 M LiDFOB ФЭК:ДМЭ-да (3:7);
2. 1 M LiClO₄ ФЭК:ДМЭ-да (3:7);
3. 0,4 M LiDFOB + 0,6 M LiBF₄ ПК:ДМЭ-да (3:7);
4. 1 M LiDFOB ПК:ДМЭ-да (3:7);
5. 1 M LiDFOB ПК:ДМЭ-да (3:7) +3% ФЭК + 1% LiNO₃;
6. 1 M LiDFOB ПК:ДМЭ:ЭА-та (3:7:3) +3%LiNO₃ + 5% ФЭК.



Сурет 32 – -20 °C Li-CF_x негізіндегі ұяшықтардың разрядтық қисықтары

Жүргізілген зерттеулер төмен температура жағдайында Li-CF_x негізіндегі біріншілік элементтерінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін электролит құрамын дұрыс таңдаудың шешуші маңызын көрсетті. Алғаш рет ПК:ДМЭ еріткіш жүйесінде 0,4 М LiDFOB + 0,6 М LiBF₄ қос тұзды электролиттің қолданылуы оның жоғары энергия тиімділігімен және тұрақты разряд платформасымен ерекшеленетінін дәлелдеді. (а) графикте осы электролитпен жиналған элементтер ең тұрақты 2,2 – 1,9 В разряд платосын және жоғары меншікті сыйымдылықты 220-230 мА·сағ/г қамтамасыз етеді. Функционалды қоспалар электролит құрамына енгізілгенде сыйымдылықтың 200 мА·сағ/г-ға дейін төмендеуі байқалады. Бұл қосымша SEI қабатының түзілуіне байланысты фазааралық кедергінің жоғарылауымен түсіндіріледі.

(б) графигі бір тұзды жүйелердің нәтижелерін ұсынады. Екі графикті салыстырғанда қос тұзды электролиттердің артықшылығы айқын байқалады. ФЭК:ДМЭ жүйесіндегі LiDFOB негізіндегі электролит осы топ арасында 230 мА·сағ/г меншікті сыйымдылыққа жетеді. Керісінше, ПК:ДМЭ еріткіштер қоспасында LiClO₄ немесе LiDFOB қолданылған жүйелер айқын поляризациямен, төмен жұмыс кернеуімен сипатталады.

ПК:ДМЭ еріткіш қоспасында 0,4 М LiDFOB + 0,6 М LiBF₄ қос тұз электролитінің құрамы алғаш рет төмен температура жағдайында біріншілік литий тоқ көздерінде зерттелді. Алынған нәтижелер қос тұзды электролиттер мен функционалды қоспаларды қолдану арқылы төмен температура жағдайында Li-CF_x элементтерінің жоғары энергия тиімділігін және тұрақтылығын айтарлықтай арттыруға болатынын дәлелдеді [116, 15 бет].

Осылайша, аталған зерттеу төмен температуралы біріншілік Li-CF_x жүйелер үшін жаңа электролит құрамын ұсына отырып, практикалық қолдануға бағытталған перспективті шешім болып табылады.

3.6 Li – V₂O₅/CF_x жүйесіне негізделген литий тоқ көздерін прототиптеу

Электрохимиялық зерттеулердің толық кешені: циклдік тұрақтылық, кулондық тиімділік, импеданс спектроскопиясы нәтижелеріне сүйене отырып, литий электродын тұрақтандырып, жоғары сыйымдылықты ұзақ мерзім сақтауға мүмкіндік беретін электролит құрамы анықталды. Оңтайлы жүйе ретінде: 1 М LiTFSI ПК:ДМЭ-да + 15% ДОЛ электролиті. Бұл электролит фазааралық кедергінің минималды мәндерін қалыптастыру кезеңінен кейін ~ 15 % - ға төмендеуін, жоғары кулондық тиімділіктің алғашқы циклдардан кейін 99-100% орнатылуын және меншікті сыйымдылықты 300 циклге жақын ~ 100 мА·сағ/г деңгейінде ұстап тұруын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ SEI қабатының тұрақтылығын көрсетті, бұл оны практикалық қолдану үшін перспективті екені анықталды.

Зерттеудің қолданбалы маңыздылығын көрсету мақсатында V₂O₅ және CF_x негізіндегі гибридті катодты пайдаланып, ламинатталған алюминий

фольгасынан жасалған жұмсақ корпустағы призмалық литий ұяшығының прототипі жасалды. Гибридті катодты таңдау V_2O_5 -нің жоғары меншікті сыйымдылығын CF_x материалының тұрақты разрядтық үстіртімен үйлестіруге мүмкіндік береді. Бұл жүйеге жоғары энергия сыйымдылығы мен ұзақ мерзімді сенімді жұмыс қабілетін қатар береді.


Катодтың белсенді материал массалық жүктемесі 35 мг/см^2 болды, ал катодтар екі жақты жасалды. Электрод блогы тоғыз катод пен он литий анодтарынан тұрды. Олардың өлшемдері $4,3 \times 5,8 \text{ см}$. Сепаратор - қалыңдығы 25 мкм микрокеуекті полипропилен (Celgard 2400). Барлық катодтар электродтық таспаның бір партиясынан дайындалды, олардың құрамындағы белсенді материалдардың массалық қатынасы $V_2O_5:CF_x = 70:30$. Электрод құрамының: белсенді материал – 91% , көміртекті өткізгіш қоспа – 4% , полимерлі байланыстырғыш (ПВДФ) – 5% құрады.

Гибридті катодты қолдану оның ғылыми және практикалық маңыздылығымен түсіндіріледі. V_2O_5 қабатты оксидінің Li^+ иондарын қайтымды интеркаляциялау қабілеті және фторланған көміртегінің тұрақты тотықсыздану платформасы бір-бірін тиімді толықтырады. Мұндай тәсіл энергия тығыздығы мен ұзақ мерзімділігі арасындағы тепе-теңдікті оңтайландырып, жаңа буын жоғары энергетикалық катод материалдарын жасауға жол ашады. Сондықтан гибридті катодты пайдалану жоғары энергиялы аккумуляторлардың практикалық қолданылуы үшін өзекті әрі перспективті бағыт болып табылады.

Теріс электрод қалыңдығы 100 мкм литий фольгасынан жасалған, қалыңдығы 9 мкм перфорацияланған мыс фольгасына (негізге) ламинатталды. Электрод блоктарын құрастыру арнайы жабдық көмегімен аргон атмосферасымен толтырылған қолғап қорабында жүргізілді. 32 (а) суретте мыс субстратының, литий электродының және толық жиналған электрод блогының суреттері көрсетілген.

Дайындалған блоктар қалыңдығы 113 мкм ламинатталған алюминий фольгадан жасалған жұмсақ корпустарға орналастырылды. $1 \text{ M LiTFSI PK:DMЭ-да}$ (3:7) 15% ДОЛ электролиті енгізілгеннен кейін соңғы герметизация жүргізілді. Электролиттің көлемі $2,5 \text{ г/А} \cdot \text{сағ}$ аспайтындай етіп есептелді. Дайын прототиптердің қалыңдығы $0,5 \text{ см}$ -ден аспады, ал олардың массасы 23 г -ға дейін болды. 33 суретте жиналған прототиптің сыртқы көрінісі көрсетілген.

Құрастыру және толық герметизация аяқталғаннан кейін прототиптер электродтар мен сепараторлардың электролитпен біркелкі қанығуын қамтамасыз ету үшін біраз уақыт бөлме температурасында ұсталды. Әрі қарай дайын элементтер әртүрлі тоқ режимдерінде жүргізілген гальваностатикалық циклдеу сериясын қоса алатын толық электрохимиялық сынақтар кешеніне жіберілді.




Сурет 33 – Жиналған элемент прототипінің фотосуреттері

34-суретте әртүрлі тоқ жүктемелерінде тіркелген литий элементтерінің прототиптерінің гальваностатикалық разряд қисықтары көрсетілген.

1,5 В кесу кернеуіне дейін 0,05 А тұрақты токпен разряд кезінде элемент 4,1 А·сағ разрядтық сыйымдылығын көрсетті. Осы режимде разряд қисығын интеграциялау арқылы есептелген электр энергиясы 9,66 Вт·сағ құрады. Бұл прототиптің толық массасын ескере отырып, шамамен 420 Вт·сағ/кг меншікті энергия тығыздығына сәйкес келеді. Бұл жағдайда орташа жұмыс кернеуі 2,36 В болды.

Разряд тоғын 1 А және 2 А дейін ұлғайған кезде прототиптердің меншікті разряд сыйымдылығы сәйкесінше 2,75 А·сағ (267 Вт·сағ/кг) және 2,6 А·сағ (240 Вт·сағ/кг) деңгейіне дейін төмендеді. Токтың өсуімен сыйымдылықтың төмендеуі поляризация процестерінің жоғарылауымен және электродтардағы литий иондарының диффузиясының шектелуімен түсіндіріледі.



34-сурет - Өртүрлі тоқтық режимдерде $\text{Li-V}_2\text{O}_5/\text{CF}_x$ негізіндегі литийлік тоқ көзі прототипінің разрядтық сипаттамалары

Соған қарамастан, жоғары тоқ жүктемелерінде жұмыс істеген кезде де прототиптер меншікті энергияның жоғары көрсеткіштерін және разряд профильдерінің тұрақтылығын сақтағанын атап өткен жөн. Бұл электролиттің тиімді конфигурацияланған және гибриді катодымен бірге қолданған кезде жоғары қуаттылық пен циклдік тұрақтылықты ететіні дәлелдейді.

Алынған нәтижелер жасалған элементтердің жоғары жүктемелер және энергия тиімділігіне қойылатын талаптар жағдайында практикалық пайдалану мүмкіндігін көрсетеді. Бұл электролиттік инженерия мен гибриді катодтық жүйелерді біріктіретін ұсынылған стратегиясының болашағын айқын растайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыста металл анодымен литий тоқ көздеріне арналған электролиттік жүйелерге жүйелі зерттеулер жүргізілді. Электролиттер құрамының ерекшеліктері, тұздар мен функционалды қоспалардың табиғатының фазааралық қабаттардың түзілу процестеріне, литий электродының тұрақтылығына және ұяшықтардың электрохимиялық сипаттамаларына тікелей әсер ететін негізгі факторлар ретінде қарастырылды.

Жұмыс нәтижелері бойынша келесі қорытындылар жасалды:

1. Электролиттік жүйелер іріктеніп, дайындалды. ПК:ДМЭ, ФЭК:ДМЭ және ПК:ДМЭ:ЭА еріткіштер қоспаларында LiDFOB, LiTFSI, LiCLO₄, LiPF₆ тұздары негізінде бір тұзды және қос тұзды электролиттер, соның ішінде 0,4 М LiDFOB + 0,6 М LiBF₄ құрамы бар жүйелер әзірленді. Функционалды қоспалар ретінде ДОЛ, ФЭК, LiNO₃ және ВК енгізілді. Электролиттердің иондық өткізгіштігі кең температуралық аралықта зерттелді: 30 °С температурада 9-12 мСм/см-ге аралығында болды, 60 °С – 13 мСм/см-ге дейін өсті, ал -20 °С – 4-6 мСм/см-ге дейін төмендеді. Ең жоғары иондық өткізгіштік мәндері LiDFOB және LiPF₆ электролиттері үшін ФЭК:ДМЭ еріткіштер қоспасында және 1 М LiTFSI ПК:ДМЭ (3:7) + 15% ДОЛ электролиті үшін тіркелді. Бұл кешенді тәсіл литий ұяшықтардың электрохимиялық сипаттамаларына әсер ететін факторлардың кең ауқымын зерттеуге және перспективті композицияларды анықтауға мүмкіндік берді.

2. Электролит құрамының циклдеу процесі барысында литий электродының тұрақтылығына әсері зерттелді. Li-V₂O₅ жүйесінде ең жоғары тиімділік 1 М LiTFSI ПК:ДМЭ-да + 15% ДОЛ құрамында байқалды. Бұл электролит 300 цикл бойы C/2 тоғында ~100 мА·сағ/г деңгейінде тұрақты меншікті сыйымдылықты сақтай отырып, литий электродының ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Li-V₂O₅/CF_x гибриді катодты жүйеде 1 М LiTFSI ПК:ДМЭ-да + 15% ДОЛ комбинациясының тиімділігі алғаш рет дәлелденді. Зерттеу нәтижелері осы электролиттің жұқа, жоғары ионөткізгішті SEI қабатын түзе отырып, разряд сипаттамаларын айтарлықтай жақсартатынын көрсетті. Бұл жүйе C/2 режимінде 500 мА·сағ/г шамасында жоғары меншікті сыйымдылыққа және 2,5 – 3,3 В диапазонында тұрақты разрядтық платоға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Ал біріншілік Li-CF_x элементтері үшін ең тиімді электролит 1 М LiTFSI ПК:ДМЭ-да + 15% ДОЛ электролиті болып табылады. Бұл құрам минималдық фазааралық кедергіні қамтамасыз ете отырып, тұрақты разряд процесін және SEI түзілуінің оңтайлы сипаттамаларын көрсетті. Li-CF_x жүйесінде төмен температуралық ортада алғаш рет 0,4 М LiDFOB + 0,6 М LiBF₄ ПК:ДМЭ-да екі тұзды электролиті зерттелді. -20 °С температурада ол 5 мСм/см деңгейіндегі жоғары иондық өткізгіштікке ие болды. 2,2 – 1,9 В аралығында тұрақты разряд платосын қамтамасыз етті. Бұл жағдайда меншікті разряд сыйымдылығы шамамен 230

мА·сағ/г деңгейінде тіркелді. Бұл төмен температуралар үшін жоғары көрсеткіш болып саналады.

3. Циклдеу процесі барысында литий электродының бетінде түзілген қабат зерттелді. Зерттеу нәтижелері тұздың табиғаты мен функционалды қоспалардың болуы SEI қабатының сапасы мен құрамына шешуші түрде әсер ететінін айқындады. ДОЛ қоспасы SEI құрамында серпімді полимерлі қабаттың түзілуіне жағдай жасайды. Мұндай қабат литий иондарының біркелкі тұнуын қамтамасыз етіп, дендриттердің өсуін тиімді тежейді және тоқ тығыздығы жоғары режимдерде анод бетінің механикалық тұтастығын сақтауға мүмкіндік береді. LiTFSI тұзы LiF және органикалық қосылыстарына бай жұқа бейорганикалық SEI қабатының түзілуіне әкеледі. LiDFOB жүйелерінде, керісінше, SEI қабаты қалыңдау және бейорганикалық қосылыстардың көп мөлшерде болуы поляризацияның жоғарылауымен сипатталады. Мұндай қабат механикалық тұрғыдан берік болғанымен, ион өткізгіштігі шектеулі. ФЭК пен ВК қоспаларды қолдану SEI қабатының құрамында бейорганикалық LiF және ВК-тың полимерлену өнімдерін біріктіретін гибриді қабат түзетіні анықталды. Мұндай қабат жоғары серпімділігімен, химиялық тұрақтылығымен және ионөткізгіштігімен ерекшеленеді. Әсіресе, жоғары тоқ жүктемелерінде литий анодының тұрақтылығын арттырады.

4. Электролит құрамының элементтердің электрохимиялық қасиеттерге әсері кешенді зерттелді. Жүргізілген зерттеулер электролит құрамының элементтердің электрохимиялық қасиеттеріне тікелей әсер ететінін және оның тиімділігі жұмыс режиміне тәуелді екенін көрсетті. Алынған нәтижелер жоғары қуатты режим мен ұзақ мерзімді циклдік тұрақтылық үшін электролит таңдау критерийлері әртүрлі болатынын растады. Импеданстық өлшемдерге сәйкес, қалыптастыру кезеңінен кейін 1 М LiTFSI ПК:ДМЭ + 15% ДОЛ жүйесінде фазааралық кедергі $R_{SEI} + R_{ct}$ төмендеп, бастапқы мәнмен салыстырғанда шамамен 10-15 % азаю тіркелді. Бұл жоғары тоқ жүктемелерінде поляризацияның төмендеуіне және элемент өнімділігінің артуына әкелді. Li-V₂O₅ жүйелерінде ДОЛ қоспасы 28,2 А жоғары тоқтарда бастапқы сыйымдылықтың 60–70% сақталуын қамтамасыз етті, бұл оның жоғары қуатты режимдер үшін тиімді екенін көрсетеді. Сонымен қатар, ДОЛ қоспасы барлық зерттелген жүйелерде алғашқы циклдерден кейін кулондық тиімділіктің 99–100% деңгейінде тұрақтануына ықпал етті. Анодсыз Cu-NMC₁₁₁ жүйелерінде ФЭК еріткішін қолдану катод пен анод бетінде тұрақты фазааралық қабаттың қалыптасуына жағдай жасады. Нәтижесінде 30 °С және 60 °С температурада ≈ 180 мА·сағ/г деңгейіндегі меншікті сыйымдылық пен ұзақ мерзімді тұрақтылық сақталды. 1 М LiDFOB ПК:ДМЭ + 2% ФЭК + 2% ВК жүйесінде фазааралық кедергінің қосымша 10-15% төмендеуі тіркелді. Электролит құрамы кулондық тиімділіктің 99-100% деңгейінде тұрақтануына және жоғары тоқ жүктемелерінде сыйымдылықтың 80%-ға дейін сақталуына мүмкіндік берді.

5. Анод ретінде литий металы қолданылған литийлі тоқ көзінің прототипі жиналды. Алғаш рет гибриді катодпен және оңтайландырылған электролитімен призмалық форматтағы литий элементтерінің прототиптері жиналды. Жиналған прототиптер 0,05 А разряд тоғында 4,1 А·сағ меншікті сыйымдылық пен 420 Вт·сағ/кг деңгейіндегі меншікті энергия сыйымдылығын көрсетті. Сондай-ақ, 2С дейінгі тоқ жүктемелерінде бастапқы сыйымдылықтың 70%-дан астамының сақталуы тіркелді. Бұл нәтижелер тандалған электролит құрамының практикалық іске асырылуын және жоғары энергиялы литий жүйелері үшін гибриді катодты пайдаланудың тиімділігін растайды.

Осылайша, жүргізілген жұмыс электролиттік инженерия қағидаларын дамытуға, электрод-электролит бетіндегі фазааралық процестерді терең түсіндіруге және алынған фундаменталды білімді толық көлемді жұмыс істейтін прототиптерге практикалық түрде көрсетуге айтарлықтай үлес қосады. Нәтижелер жаңа буын жоғары энергетикалық литий тоқ көздерін жобалау мен оңтайландырудың тиімді бағыттарын айқындайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ahmad F., Arif A., Khan M.I., Anjum S., Shanableh A., Taj M.B., Luque R. Recent progress and perspectives on lithium and non-lithium rechargeable battery systems // *Journal of Power Sources*. Elsevier BV. – 2025. – Vol. 648. – P. 237362.
2. Petla R.K., Lindsey I., Li J., Meng X. Interface Modifications of Lithium Metal Anode for Lithium Metal Batteries // *ChemSusChem*. Wiley. – 2024. – Vol. 17, Iss. 17. – P. e202400281
3. Zhang Z., Han W.-Q. From Liquid to Solid-State Lithium Metal Batteries: Fundamental Issues and Recent Developments // *Nano-Micro Lett*. Springer Science and Business Media LLC. – 2024. – Vol. 16, Iss. 1. – P. 24
4. Janek J., Zeier W.G. A solid future for battery development // *Nat Energy*. Springer Science and Business Media LLC. – 2016. – Vol. 1, Iss. 9. – P. 1–4
5. Nitta N., Wu F., Lee J.T., Yushin G. Li-ion battery materials: present and future // *Materials Today*. Elsevier BV. – 2015. – Vol.18, Iss. 5. – P.252–264.
6. Whittingham M.S. History, Evolution, and Future Status of Energy Storage // *Proc. IEEE*. Institute of Electrical and Electronics Engineers (IEEE). – 2012. –Vol. 100. – Special Centennial Issue. – P. 1518–1534.
7. Xu K. Electrolytes and Interphases in Li-Ion Batteries and Beyond // *Chem. Rev*. American Chemical Society (ACS). – 2014. – Vol. 114, Iss. 23. – P. 11503–11618.
8. Goodenough J.B., Park K.-S. The Li-Ion Rechargeable Battery: A Perspective // *J. Am. Chem. Soc*. American Chemical Society (ACS). – 2013. – Vol. 135, Iss. 4. – P. 1167–1176.
9. Kuderina B., Kassenova N., Khamitova A., Zhaxybayeva A., Abdrakhmanova A. Modification of the structure of oxide cathode materials to enhance the capacity and stability of Li-ion batteries // *Academic Scientific Journal of Chemistry*. – 2025. – Vol. 4, Iss. 465. – P. 128–136.
10. Lin D., Liu Y., Cui Y. Reviving the lithium metal anode for high-energy batteries // *Nature Nanotech*. Springer Science and Business Media LLC. – 2017. –Vol. 12, Iss. 3. – P. 194–206.
11. Electric Vehicle Outlook.
12. Tarascon J.-M., Armand M. Issues and challenges facing rechargeable lithium batteries // *Nature*. Springer Science and Business Media LLC. – 2001. – Vol. 414, Iss. 6861. – P. 359–367.
13. Li M., Wang C., Davey K., Li J., Li G., Zhang S., Mao J., Guo Z. Recent progress in electrolyte design for advanced lithium metal batteries // *SmartMat*. Wiley. – 2023. –Vol. 4, Iss. 5. – P. e1185
14. Sánchez-Díez E., Ventosa E., Guarnieri M., Trovò A., Flox C., Marcilla R., Soavi F., Mazur P., Aranzabe E., Ferret R. Redox flow batteries: Status and perspective towards sustainable stationary energy storage // *Journal of Power Sources*. Elsevier BV. – 2021. –Vol. 481. – P. 228804.

15. Xu K. Nonaqueous Liquid Electrolytes for Lithium-Based Rechargeable Batteries // Chem. Rev. American Chemical Society (ACS). – 2004. – Vol. 104, Iss. 10. – P. 4303–4418.
16. Department of Physical Chemistry, Faculty of Chemistry, University of Science, and etc. Sulfolane as a co-solvent for carbonate-electrolytes in lithium-ion batteries using a LiMn_2O_4 cathode // VMOST. Ministry of Science and Technology, Vietnam (VMOST). – 2022. – Vol. 64, Iss. 1. – P. 9–13.
17. Xu J. Critical Review on cathode–electrolyte Interphase Toward High-Voltage Cathodes for Li-Ion Batteries // Nano-Micro Lett. Springer Science and Business Media LLC. – 2022. – Vol. 14, Iss. 1. – P. 166.
18. Zhang N., Wang B., Jin F., Chen Y., Jiang Y., Bao C., Tian J., Wang J., Xu R., Li Y., Lv Q., Ren H., Wang D., Liu H., Dou S., Hong X. Modified cathode-electrolyte interphase toward high-performance batteries // Cell Reports Physical Science. Elsevier BV. – 2022. – Vol. 3, Iss. 12. – P. 101197.
19. Liu Y., Zhao C., Du J., Zhang X., Chen A., Zhang Q. Research Progresses of Liquid Electrolytes in Lithium-Ion Batteries // Small. Wiley. – 2023. – Vol. 19, Iss. 8. – P. 2205315.
20. Liu Y., Zeng Q., Li Z., Chen A., Guan J., Wang H., Wang S., Zhang L. Recent Development in Topological Polymer Electrolytes for Rechargeable Lithium Batteries // Advanced Science. Wiley. – 2023. – Vol. 10, Iss. 15. – P. e2206978.
21. Zhao W., Yi J., He P., Zhou H. Solid-State Electrolytes for Lithium-Ion Batteries: Fundamentals, Challenges and Perspectives // Electrochem. Energ. Rev. Springer Science and Business Media LLC. – 2019. – Vol. 2, Iss. 4. – P. 574–605.
22. Kim E., Han J., Ryu S., Choi Y., Yoo J. Ionic Liquid Electrolytes for Electrochemical Energy Storage Devices // Materials. MDPI AG. – 2021. – Vol. 14, Iss. 14. – P. 4000.
23. He T., Han Y., Shi B., Wang J., Yang H. Electrode–electrolyte interphases in lithium-based rechargeable batteries with ionic liquid electrolytes: recent advances and future perspectives // J. Mater. Chem. A. Royal Society of Chemistry (RSC). –2024. – Vol. 12, Iss. 47. – P. 32593–32612.
24. Méry A., Rousselot S., Lepage D., Dollé M. A Critical Review for an Accurate Electrochemical Stability Window Measurement of Solid Polymer and Composite Electrolytes // Materials. MDPI AG. – 2021. – Vol. 14, Iss. 14. – P. 3840.
25. Xing J., Bliznakov S., Bonville L., Oljaca M., Maric R. A Review of Nonaqueous Electrolytes, Binders, and Separators for Lithium-Ion Batteries // Electrochem. Energy Rev. Springer Science and Business Media LLC. – 2022. – Vol. 5, Iss. 4. – P. 14.
26. Pięłowska M., Kurc B., Galiński M., Fuć P., Kamińska M., Szymlet N., Daszkiewicz P. Challenges for Safe Electrolytes Applied in Lithium-Ion Cells - A Review // Materials. MDPI AG. – 2021. – Vol.14, Iss. 22. – P. 6783.

27. Pięłowska M., Kurc B., Galiński M., Fuć P., Kamińska M., Szymlet N., Daszkiewicz P. Challenges for Safe Electrolytes Applied in Lithium-Ion Cells-A Review // *Materials*. MDPI AG. – 2021. – V.14, Iss. 22. – P. 6783.
28. Xu N., Shi J., Liu G., Yang X., Zheng J., Zhang Z., Yang Y. Research progress of fluorine-containing electrolyte additives for lithium ion batteries // *Journal of Power Sources Advances*. Elsevier BV. – 2021. – Vol. 7. – P. 100043.
29. Абдрахманова А., Сабитова А. Formation of electrodes for lithium ion batteries using an aqueous binders // *Материалы Международной научной конференции «Современные достижения и тенденции химии и химической технологии в XXI веке»*. – Павлодар: Торайғыров университеті. – 2023. – С. 184–188.
30. Jeong D., Tackett B.M., Pol V.G. Tailored Li-ion battery electrodes and electrolytes for extreme condition operations // *Commun Chem*. Springer Science and Business Media LLC. – 2025. – Vol. 8, Iss. 1. – P. 170.
31. Shanbedi M., Shahali H., Polycarpou A.A., Amiri A. Advances and future prospects of low-temperature electrolytes for lithium-ion batteries // *EES Batteries*. Royal Society of Chemistry (RSC). – 2025. – Vol. 1, Iss. 3. – P. 385–426.
32. Goodenough J.B., Singh P. Review - Solid Electrolytes in Rechargeable Electrochemical Cells // *J. Electrochem. Soc.* – 2015. – Vol.162, Iss. 14. – P. A2387–A2392.
33. Abdrakhmanova A., Sabitova A., Omarova N. A review on electrolytic systems for lithium-ion batteries // *News of the national academy of sciences of the Republic of Kazakhstan*. – 2023. – Vol. 3, Iss. 456. – P. 7–21.
34. Li Y., Wang X., Dong S., Chen X., Cui G. Recent Advances in Non-Aqueous Electrolyte for Rechargeable Li–O₂ Batteries // *Advanced Energy Materials*. – 2016. – Vol. 6, Iss. 18. – P. 1600751.
35. Fan H., Liu X., Luo L., Zhong F., Cao Y. All-Climate High-Voltage Commercial Lithium-Ion Batteries Based on Propylene Carbonate Electrolytes // *ACS Appl. Mater. Interfaces*. – 2022. – Vol.14, Iss. 1. – P. 574–580.
36. Diederichsen K.M., Fong K.D., Terrell R.C., Persson K.A., McCloskey B.D. Investigation of Solvent Type and Salt Addition in High Transference Number Nonaqueous Polyelectrolyte Solutions for Lithium Ion Batteries // *Macromolecules*. – 2018. – Vol.51, Iss. 21. – P. 8761–8771.
37. Recent Developments in Electrolyte Materials for Rechargeable Batteries // *Materials Horizons: From Nature to Nanomaterials*. Singapore: Springer Nature Singapore. – 2022. – P. 369–415.
38. Liu Y., Zhao C., Du J., Zhang X., Chen A., Zhang Q. Research Progresses of Liquid Electrolytes in Lithium-Ion Batteries // *Small*. Wiley. – 2023. – Vol. 19, Iss. 8. – P. 2205315.
39. Kim S., Lee J.-A., Lee T.K., Baek K., Kim J., Kim B., Byun J.H., Lee H.-W., Kang S.J., Choi J.-A., Lee S.-Y., Choi M.-H., Lee J.-H., Choi N.-S. Wide-temperature-

range operation of lithium-metal batteries using partially and weakly solvating liquid electrolytes // *Energy Environ. Sci. Royal Society of Chemistry (RSC)*. – 2023. – Vol. 16, Iss. 11. – P. 5108–5122.

40. Yu Z., Wang H., Kong X., Huang W., Tsao Y., Mackanic D.G., Wang K., Wang X., Huang W., Choudhury S., Zheng Y., Amanchukwu C.V., Hung S.T., Ma Y., Lomeli E.G., Qin J., Cui Y., Bao Z. Molecular design for electrolyte solvents enabling energy-dense and long-cycling lithium metal batteries // *Nat Energy. Springer Science and Business Media LLC*. – 2020. – Vol. 5, Iss. 7. – P. 526–533.

